



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: БІРЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері басшыларының Консультативтік кездесуіне қатысты. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатқан кездесудің ерекше екенін атап өтті.

— Бізді ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыз, рухани жақындарымыз, ортақ салт-дәстүрлеріміз байланыстырып келеді. Мемлекеттер басшылары Консультативтік кездесуінің форматы аймақтың ынтымақтастығына тың серпін береді. Аймақтағы ынтымақтастықты арттырудың негізі — жоғары деңгейдегі сенімді

диалог, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстардың нығайтуға түскенін атап өтті. Бірлескен кәсіпорындардың саны артып, өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы ірі жобалар іске асырылып келеді.

Президенттің айтуынша, әлем елдері күрделі кезеңді бастан өткізіп жатыр. Ауғанстандағы қазіргі жағдай ерекше аландатып

отыр. Коронавирус індеті жағдайды одан сайын ушықтыруда. Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа кезеңде Орталық Азияда тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақ елдері бірлесіп әрекет етуі тиіс деп санайды.

Мемлекет басшысы табысты серіктестіктің үлгісі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның ортақ шекарасында құрылған «Орталық Азия» халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев президенттерді аймақтық экономиканың стратегиялық маңызды салаларына инвестиция тарту үшін күш-жігерді біріктіруге шақырды.

(Жалғасы 2-бетте)



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түрікменстанға жұмыс сапары Президент Гурбангулы Бердімұхамедовпен Түрікменбашы қаласындағы «Аваза» ұлттық туристік аймағындағы кездесуден басталды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Президенті Түрікменстан басшысына қонақжайлығы үшін ризашылық білдіріп, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының үшінші Консультативтік кездесуін өткізу өзекті әрі уақытылы бастама екенін атап өтті.

— Сіз ұйымдастырған кешегі іс-шара танымды, бір жағынан мазмұны да маңызды болды. Іс жүзінде, кеше біз бейресми кездесуде осындай күрделі кезеңде жұмылып, ынтымақтастықты одан әрі күшейту әрі жана мүмкіндіктерге жол ашу мақсатында

Орталық Азиядағы өзекті мәселелерді талқыладық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшылары екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар мәселелерді қарастырып, Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы қарым-қатынас деңгейін жоғары бағалады.

— Түрікменстан — Қазақстанның стратегиялық әріптесі. Ұзақ мерзімді әрі стратегиялық сипаттағы ортақ жобаларымыз көп. Бұдан кейінгі келіссөздер барысында да екіжақты ынтымақтас-

тықты одан әрі нығайтуға міндетті түрде баса мән береміз. Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Түрікменстанға ресми сапарым бойынша жұмыс істеп жатыр. Жалпы, қол қойылатын негізгі құжаттар топтамасы әзір. Алдағы уақытта қол қойылатын келіссөздер мен келісімдер бауырлас елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін беретініне сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, жеткізілетін тауарлар түрін арттыруға, көлік-транзиттік әлеуетті кеңірек пайдалануға және мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстарды күшейтуге ниетті екендерін жеткізді.

Қазақстан қарттар елі ме?

Мұқағалидың «Немене жетістің, бала батыр?» деген өлеңіндегі сияқты емес, соңғы 7 жылда елімізде жасы егде тартқан адам үлесі артып келеді. Халықаралық ұйымдардың мәліметі бойынша, 65 жастан асқандар жалпы халық санының 6%-ынан асар болса, қартайып бара жатыр деп саналады екен. Демография ғылымының өзіне тән бір критерийі осындай. Соған сәйкес, халық саны өнді артып келе жатқан еліміз бәрібір де БҰҰ шкаласы бойынша «қарт елдер» қатарында қалып отыр. Ал оның экономика мен қоғамға түсірер салмағы қандай болмақ?

КАРИЯЛАР — 7,4%

Таяуда ғана Қазақстан халқының саны 19 миллион болды деп бөркімізді аспанға атып, қуанған едік. Оны тіптен Мемлекет басшысының өзі де мақтанышпен хабарлаған. Сонымен, ғылыми есептеулер бойынша, биыл еліміздегі халық өсімі 293 594 адамды құрапты. Яғни, жыл соңына дейін қазақстандықтардың саны 19 247 393 адам болады деседі. Сөйтіп, халықтың табиғи өсімі 257 961 адам болмақ, яғни жыл соңына дейін шамамен 426 081 бала туылып, 168 120 адам қайтыс болуы мүмкін. Оның сыртында сыртқы көші-қон былтырғы деңгейде қалар болса, 35 633 адамды қосы-



ңыз, сонда ең әуелгі цифр, халық өсімі шығады. Осы есеппен алғанда 2021 жылы халқымыздың

саны бір күнде 804 адамға көбейіп отыр деген сөз.

(Жалғасы 4-бетте)

«Екі түйе сүйкенсе...»

Солтүстік Қазақстан облысындағы Обухов тау-кен байыту комбинатының акционерлері арасындағы дау он жылдан бері шешімін табар емес. Кен орнына талас салдарынан қарапайым жұмысшылар зардап шегіп отыр. Өндірілген тауарды ел аумағынан шығаруға тыйым салынғандықтан, оларға жалақы төленбейді. Мұндай жағдай бұған дейін де бірнеше рет қайталанған-тын. Қарыз бен несиеге белшесінен батқан жұмысшылардың соның кесірінен өз-өзіне қол жұмсағаны да жасырын емес. Құрылтайшылар арасындағы талас-тартыс кәдімгі төбелеске ұласқандықтан, талай рет бас жарылып, жақ сынғанынан да көпшілік хабардар.



АУСТРАЛИЯДА ҒАНА БАР

Әнтіменің әлқиссасын әріден бастаған жөн. Тайынша ауданының аумағында орналасқан титан-цирконий кен орны 1958 жылы ашылған. Жер бетінде осыған ұқсас кен орны тек Австралияда ғана бар деседі. Мұның бірегейлігі

сол, өндірілетін шикізат күм сияқты ұсақ болғандықтан, оны ұқсату оңай. Бұл жерде барлау жұмыстары 90-жылдары жүргізіле бастағанымен, кейін дағдарысқа байланысты тоқтап қалған көрінеді. Адам қолы тимеген кезде кен орнының қоры 7,2 миллион текше метр болған.

(Жалғасы 7-бетте)

Жалған ақпараттың жазасы бар

Әлеуметтік желілердің қоғамға ықпалы орасан. Ал онда жалған ақпарат тараса, зардабын есептей беріңіз. Сол тәрізді жуырда желіде елді дүрліктірген фейк ақпарат пайда болды. «Қазақстан Қытай құрамына кіреді» дегенді оқығанда мұның арандату екенін бірден аңғардық. Ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін мұндай жалған деректі кім таратты? Елімізде оған қандай қылмыстық жаза қарастырылған?

БІР ЖАЗБАНЫҢ БІЛДЕЙ ЫҚПАЛЫ

Жақында ғана әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «Қытайдың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Чжан Сяоның еліміз КХР құрамына кірген жағдайда оның сыртқы қарызының басым бөлігін жабуға дайын екенін» мәлімдегені туралы хабарлама елге таралып кетті. Бірақ ақпараттың рас-өтірігін ажыратпастан фейк дерекке сенгендердің де барын аңғардық. Ал оны таратқан Instagram желісіндегі qazinform24 атты парақша. Шынайы жаңалықтар жарияламайтын сатиралық аккаунт. Профильде «аккаунт сатиралық контент пен фейк жаңалықтар жариялайды» деп алдын ала ескерткен екен. Әйтпесе, Қазақстандағы КХР елшілігінің ресми сайты да, Төтенше және өкілетті елші Чжан Сяо да мұндай мәлімдемелер жасамаған. Демек, КХР құрамына кірсе, Қазақстанның сыртқы қарызы жабылатыны туралы хабарламалар өтірік. Бұл



жерде мәселе мынау — жалған ақпаратты таратқандар сатиралық парақшаны дереккөз ретінде көрсетпей жариялаған. Соның кесірінен қоғамда сәл де болса дүмпу болғанын көрдік. Ал жаңағы парақшаның авторлары өздерін кінәлағандарды әжуалап, «сатиралық, фейк ақпарат екенін алдын ала ескерттік» деп жауап катудан

әрі аспай тұр. Әзірге qazinform24 аккаунтын жүргізіп отырған азаматтарға жаза қолданыла ма, ол жағы белгісіз. Құзырлы органдар тарапынан оларға қатысты ресми мәлімдемелер шыққан жоқ. Парақша жұмысын әлі жалғастырып жатыр.

(Жалғасы 4-бетте)

Мұнайдан да қымбат май

Қазақстанда «қара алтыннан» да қымбат тұратын ресурс бар. Ол — күнбағыс майы. Қазір мұнайдың 1 тоннасы 538 доллар тұрады. Бұл шамамен 231 000 теңге деген сөз. Демек, қара алтынның 1 литрінің құны бүгінде 231 теңге ғана. Ал күнбағыс майының 1 литрі кейбір қала мен ауылда 800-1000 теңгеден сатылады. Сарапшылар анықтағанындай, 1 жыл ішінде бұл өнім кем дегенде 60,4%-ға қымбаттаған! Яғни, былтыр мол қылып, осы майды сапып алып, биыл өткізгендер тіпті биткойн де, пирамидалар да бере алмайтын мол табысқа кенелген.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: БІРЛІК БЕРЕКЕГЕ БАСТАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, аймақ мемлекеттері Азия мен Еуропаны байланыстырушы көпір рөлін атқарып отыр. Бұл ретте Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің транзиттік әлеуетін біртіндеп дамытып жатыр. Одан бөлек, «Қытай – Еуропа – Қытай» транскүрлықтық бағдарының қазақстандық бөлігінің әлеуеті нығайып келеді.

– 2025 жылға дейін екінші жолдардың құрылысы аяқталып, «Достық – Мойынты» теміржол учаскесі толықтай электрмен жабдықталады. Нәтижесінде, аталған бағыттың өткізу мүмкіндігі бес есе ұлғаяды. Жобаға 2 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы салынады. «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржолы да үлкен мүмкіндіктер береді. Елдеріміз үшін Парсы шығанағы мемлекеттеріне шығудың қысқа жолы осы. Жыл сайын аймақтағы жүк тасымалы артып келе жатқандықтан Транскаспий теміржол магистралінің оңтүстік дәлізін дамыту қажеттігі туындап отыр, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Соңғы үш жылдың ішінде Транскаспий бағыты арқылы өтетін контейнерлердің легі 13



есеге артты. Қазақстан Ақтау аймағының базасында әлемнің озық операторларын тарта отырып, «контейнерлік хабты» ашуды жоспарлап отыр (Cosco, Maersk, CMA CGM және т.б.). Еліміз аймақ ішінде көлік коммуникацияларын дамыту мақсатында өзара тиімді ынтымақтастық жасасауға әзір.

Мемлекет басшысы су ресурстарымен қамтамасыз ету мен

аймақтың био және экожүйесін сақтауды Орталық Азиядағы негізгі мәселенің бірі ретінде атап өтті.

– Біз қазірдің өзінде климаттың жаһандық жылынуы салдарын судың азаюы мен құрғақшылық арқылы көріп отырмыз. Бұл, әсіресе Сырдария бассейнінде ерекше сезіліп отыр. Кейінгі екі жылдағы вегетациялық кезеңде Шардара су қоймасына жиналатын су

көлемі 40 пайызға, Кіші Арал теңізіне келетін су мөлшері 60 пайызға азайып кетті. Трансшекаралық өзендер ресурстарын тиімді басқару мен алдыңғы қатардағы технологиялық шешімдерді енгізу үшін бірлескен су саясатын енгізу маңызды. Су – Орталық Азия елдерінің арасында ашудың басы емес, керісінше, біріктіретін ресурс болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Баяндамада коронавирус пандемиясы сынағы кезінде халықтың бірлігі мен бір-біріне деген көмегі туралы айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев терроризм, діни экстремизм, есірткі тасымалы, трансұлттық қылмыс сияқты сынақтардың сақталып отырғанына тоқталды.

– Бірлігімізді бекемдеп, бір-бірімізбен болмашы бәсекелестікке жол бермеуіміз қажет. Бұл мәселеде ХХІ ғ. Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көрші, ынтымақтастық жөніндегі келісімге тез арада қол қоюдың маңызы артып келеді. Тараптардың жуық арада осынау тарихи келісімге қол қоюға дайын болуын күтпейміз. Халықаралық аса маңызды мәселелерде барынша ортақ ұстаным білдірсек, әлемдік қауымдастыққа келісім тапқан ортақ тәсілімізді көрсетер едік, – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Алдағы уақытта бауырлас халықтарды жақындата түсуде мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимылдар маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы туыстық байланысты сақтап, күшейту және мәдени-гуманитарлық күн тәртібін жана мазмұнмен толықтыру жөніндегі пікірін айтты. Сондай-ақ Қазақстан білім саласындағы


өзара іс-қимылды кеңейтуді қолдайды.

Консултантивтік кеңесте сондай-ақ Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, БҰҰ Бас хатшысының Орталық Азиядағы арнайы өкілі Наталья Герман сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Консултантивтік кездесу аясында Орталық Азия елдерінің басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев, Садыр Жапаров, Эмомали Рахмон, Гурбангулы Бердімұхамедов және Шавкат Мирзиёев ұлттық тауарлар көрмесін аралады. Көрмеде экономиканың түрлі саласындағы идеялар, технологиялар, инновациялар, өнеркәсіптік және өндірістік жабдықтар мен өнімдер таныстырылды. Іс-шараның басты мақсаты – инновациялық технология саласындағы жетістіктерді көрсетуге жағдай жасау, тәжірибе алмасу және Орталық Азия елдерінің серіктестерімен тиімді ынтымақтастық орнату.

Жалған құжат жасағандарға қатысты 110 іс қозғалды



Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, ПТР тестілері мен вакцинация паспорттарын қолдан жасағаны үшін 110 қылмыстық іс қозғалды. ІІМ-де өзге мүдделі меморгандар басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысының КВИ таралуына жол бермеу жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша жұмыс кеңесі өтті.

«Жалған медициналық құжаттарды ұсынудың тұтас схемалары анықталып жатыр. Кейбір туроператорлар жалған вакцинация паспорттарын шығарумен

және сатумен айналысқан. Сонымен қатар оларды теміржол вокзалдарында, әуежайларда және мемлекеттік шекараның өткізу пункттерінде іске асыру фактілерінің жолы кесілді», – деп хабарлады Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев.

Ел Президенті ІІМ жанынан ведомстваралық арнайы топ құруды тапсырған. Топ вакцинация паспорттарын және ПТР-тестілеу нәтижелерін қолдан жасау және сату фактілерінің жолын кесу жұмысын үйлестірді. Ақпаратты жинау және өңдеу, сондай-ақ анықталған фактілер-

ге ден қою шаралары бойынша өзара іс-қимыл тәртібі айқындалған. Жыл басынан бері 110 қылмыстық іс тіркелді, оның ішінде 60-сы – жалған ПТР-анықтама, ал 50-і – ВП-ны қолдан жасауға қатысты. Осы қылмыстарға қатысы бар 28 адам әшкереленді, оның ішінде медицина қызметкерінің саны – 20 (6 дәрігер, 14 медицина қызметкері). Делдалдар – 8.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу кезінде жалған ВП және ПТР анықтамасын сату туралы 70 хабарландыру анықталды, олардың 37-і бұғатталды. Осы санаттағы істер бойынша тергеу-сот практикасы қалыптастырылды, заңды күшіне енген сот актілері де бар. Төрт қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шығарылды. 43 қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттері және сараптамалық зерттеулер жүргізіліп жатыр. Олар аяқталғаннан кейін күдіктілердің іс-әрекеттеріне құқықтық баға беріледі, іс жүргізу шешімдері қабылданады. Барлық қылмыстық істің тергелуі министрлік бақылауында.

Елдос СЕНБАЙ

Балалар жол апатына себеп болды

Жазғы демалыста, бос уақытта ермек таппаған балалар жолға шығып кетіп, жолкөлік оқиғаларына себепші болған. Тек бір ғана Ақтөбе облысында балалардың қатысуымен 54 жол апаты тіркелді. Оның көбі жаз маусымының еншісінде.

2021 жылғы 7 айда Ақтөбе облысында балалардың қатысуымен жолдарда 54 апат тіркелді, онда 64 бала зардап шекті, ал екеуі алған жаракаттарынан қайтыс болды. Полициялардың байламынша, жол-көлік оқиғаларының өсуі жазғы демалысқа, ересектердің балалардың даладағы мінез-құлқына бей-жай қарауына байланысты болып отыр.

Сондай-ақ көптеген жүргізушілер «арнайы балалар орындығы немесе басқа құралдар болмаған кезде 12 жасқа дейінгі балаларды тасымалдауға тыйым салуды» көздейтін жол ережесін сақтамайды. Бұдан бөлек, жаз



басталғалы бері жас велосипед, скутер, ролик теппен балалар барынша ойынмен болып, жан-жағына қарамай, жазатайым оқиғаға душар болуы мүмкін.

Полиция қызметкерлері ата-аналармен және балалармен профилактикалық әңгімелер жүргізуде, жаднамалар таратып та жатыр. Сонымен қатар жана

оқу жылы басталған соң мектептерде жол қозғалысы ережелері бойынша арнайы сабақтар өткізіледі. Әрбір адам, соның ішінде балалар жол қозғалысы ережелерін сақтаса, көшеде үйлесім орнап, жолдағы апаттар саны азаяр еді.

Ерік ЕРДЕНОВ

126 мың түлек колледжді таңдады



Қазақстанда талапкерлерді колледждерге қабылдау науқаны жалғасып жатыр. Бүгінде 126 074 өтініш түскен. 25 маусымда басталған құжаттарды қабылдау жұмыстары 18 тамызға дейін ұласады.

Биыл мемлекет 97 мың білім грантын бөліп отыр. Яғни, тапсырғандардың басым көпшілігі мемгрантпен тегін оқи алады. Сонымен қатар тегін білім алғысы келетіндер үшін квоталық санаттар тізімі кеңейтілді. Көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін 5%, мәртебесі кемінде үш жыл бойы «толық

емес» деп саналған жалғыздікті, асыраушысынан айырылған отбасылардың балаларына 1%, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар үшін 1% квота белгіленді. Балдары тең болған жағдайда квоталық санат және аттестаттың орташа балы ескеріледі.

Айхан ШӘРІП

Жұмыс іздегеннен жұмысшы іздегені көп



«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ дерегінше, электронды биржада шілдеде жұмыс орындарының саны резюмелерден 1,7 есе асып түсті. Нақтылай кетсек, биржада 81,7 мың бос жұмыс орны және 47,9 мың түйіндеме орналастырылған.

Маусым айымен салыстырғанда бос жұмыс орындарының (БЖО) жалпы саны 15%-ға, ал резюмелер саны 3%-ға азайды. Ал Түркістан, Ақмола, Атырау облыстары мен Шымкентте кадр жетіспеушілігінің күшейгені байқалады.

БЖО санының ең елеулі өсімі сауалнама жүргізуші-сұхбаттасушы (+2,2 мың), хат алмасу жөніндегі көмекші (+0,9 мың) және статист (+0,6 мың) сияқты

кәсіптер бойынша байқалды. Біліктілігі жоқ еңбекке байланысты кәсіптер арасында тауарларды жинақтаушы, базардағы сатушы және бұйым-түюші кәсіптері көбірек ұсынылды.

Сонымен қатар, шілде айында жұмыс іздегендер арасында кіші медициналық қызметкерлер мен мектеп мұғалімдерінің белсенділігі артқан. Атап айтқанда, бір ай ішінде фельдшерлер резюмесінің саны 421 бірлікке, мед-

бикелердікі – 237 бірлікке, бастауыш сынып, шет тілі, дене шынықтыру және спорт мұғалімдерінің тиісінше 283, 271 және 266-ға өсті. Педагогика қызметкерлері арасындағы белсенділікті жаңа оқу жылының жақындауымен байланыстыруға болады. Ал медицина қызметкерлері коронавируспен күрестен шаршаса керек.

Шілдеде күзетшілердің, автокөлік жүргізушілерінің, санитарлардың, сауалнама жүргізуші-сұхбаттасушылардың (2595 бос орынға 48 резюме), хат алмасу бойынша көмекшілердің (1 резюме және 923 бос орын) және статистердің (10 резюме және 665 бос орын) тапшылығы тіркелді. Бұған елде жалпы-халықтық санақтың жүруі ықпал еткен. Бұдан бөлек, жүк түсірушілер, қара жұмысшылар, ас үй жұмысшылары мен аула сыпырушылар жетіспейді.

Ал фельдшер (607 резюмеге 201 бос жұмыс орны), дене шынықтыру және спорт (92 бос жұмыс орны және 459 резюме), шет (229 бос жұмыс орны және 576 резюме) және қазақ тілі мұғалімдері (116 бос орын және 455 резюме) бойынша ұсыныс сұраныстан асып түсті.

А.ШӘРІП

103 мыңнан аса өтініш түсті



Ел тұрғындары «Nur Otan» партиясына түрлі мәселелермен келеді. Жыл басынан бері қоғамдық қабылдауға 103,5 мың азамат өтініш білдіріп, партия мүшесі болып табылатын мемлекеттік орган басшылары 19,8 мың қабылдау өткізді.

Мәселен, Шымкент қаласының тұрғыны Р.Розиев партияға «Тұрдыбаба» тұрғын алабында жол жоғына шағымданды. «Nur Otan» партиясының Еңбекші аудандық филиалы бұл шағымды жедел назарға алып, нәтижесінде жергілікті атқарушы органдар қысқа мерзім ішінде жалпы ұзындығы 2,9 шақырым болатын жолға асфальт төседі.

Партия алаңында онлайн форматта өткен қабылдау барысында Алматы қаласының тұрғыны Е.Әділбеков Ақжар шағынауданындағы Лашын және Берел көшелеріне инженерлік желілер жүргізу

мәселесін көтерді. Қала әкімдігінің өкілдері аталған көшелерге сумен жабдықтау желілері биыл салынып, ал су бұру желілерінің құрылысы келесі жылдың жобасына енгізілетінін айтып сендірді.

Сондай-ақ Алматы қаласында «Келерсіз келешек» партиялық жобасы аясында азаматтарды қабылдау нұротандықтар 3-топтағы мүгедек, жалғызбасты ана Р.Мырзалиеваға жөндеу жұмыстарын жүргізуге көмектесті. Жалғызбасты ананың тұрып жатқан жатаханасында ылғалдың салдарынан қабырғалары көгеріп, сыз тартқан. Оның баспанасына пар-

тия мүшелерінің көмегімен 1 млн теңгеден астам қаражатқа электр монтаждау және әрлеу жұмысы жүргізілді.

Қостанай облысы Б.Майлин ауданындағы партия филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде Әйет ауылының тұрғындары 10 жылдан астам асфальт төселмеген Омаров көшесін абаттандыру мәселесін алға тартты. Партия мүшелерінің араласуынан кейін ауылдағы аталған көшенің жолына орташа жөндеу жүргізілді.

Қарағанды облысының Балқаш қаласында бағбандық және саяжай қоғамының 45 мүшесі желдегі апат салдарынан үзіліп қалған электр энергиясын қосуға көмек көрсету туралы өтініш білдірді. Нәтижесінде, осы жылдың 27 шілдесінде коммуналдық кәсіпорын электр беру желілеріндегі апатты жою бойынша барлық шара қабылдап, бағбандық және саяжай қоғамы электр желісіне қосылды.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің басым бөлігі әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесімен байланысты. Бүгінде 103,5 мың өтініштің 43%-ы жедел шешіліп, 54%-ы бойынша құқықтық, консультативтік және басқа да көмек көрсетілді, қалған 3%-ы орындалу үстінде.

Қоғамдық кеңес жұмысы сараланды



Мұрат Хамитовтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Кеңес отырысына «Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының орынбасары И.Теренченко, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы А.Балғожин, «Jas Otan» Жастар қанатының төрайымы С.Жүсіпова, Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшесі А.Гусков қатысты.

Күн тәртібінде Аққулы және Тереккөл ауданы әкімдіктерінің 2020-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі партиялық бағдарламаны іске асыру жұмысы талқыланды. Сондай-ақ Аққулы ауданының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесінің 2020-2025 жылдарға

арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі партиялық бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысы сараланып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру барысы әңгіме өзегіне айналды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестің отырысы барысында Аққулы және Тереккөл ауданының әкімдері сөз сөйледі. Тереккөл ауданының әкімі Серік Батырғожинов Тереккөл ауданы әкімдігінің 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы партиялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмысы туралы айтып, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды мектеп қабырғасынан бастау қажет екенін атап өтті.

— Ауданның оқу мекемелерінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шара тұрақты негізде өткізіледі. Аудан мектептерінде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсететін

және қатысатын «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында 2020 жылғы 22 мамырда аудан тұрғындарына сұрақпен, проблеммен, шағыммен және ұсыныспен ауданның мемлекеттік мекемелерінің өкілдеріне тікелей жүгінуге мүмкіндік беретін OPEN TERENCEKOL сервистік әкімдігі жұмысын бастады. Сервистік әкімдік ашылған сәттен бастап кеңес алу үшін 74 адам жүгінді, — деді Серік Батырғожинов.

Мемлекеттік органдардың қоғам алдындағы ашықтығын, айқындығын және есептілігін арттыру үшін аудан әкімдігінің сайтында аудан бюджетінің орындалуы, азаматтық бюджет және жоспарланған индикаторлар бойынша ақпарат орналастырылады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша барлық іс-шаралар қатаң қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Отырыс қорытындысы бойынша Тереккөл ауданының әкімі Серік Барлыбайұлының есебіндегі бірқатар мәселе негізгі жоспарға енгізілді.

Өз кезегінде «Nur Otan» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес Аққулы аудандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы есепті қабылдамағы және атқарылған жұмыстары әлі де пысықтауды қажет ететінін жеткізді. Отырыс қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес тарапынан ұсыныс берілді.

Жас мамандар жұмыспен, баспанамен қамтылды

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жас мамандар жұмыспен және баспанамен қамтамасыз етілді.



Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданына жас мамандарды тарту үшін «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы бойынша нақты жұмыс жүргізілді. Осыған дейін ауданда кейбір мамандықтар бойынша мұғалімдер мен дәрігерлердің тапшылығы болған, бұл мәселе бойынша «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдауына қантар айында өткен сайлау науқаны кезінде сайлаушылардан ұсыныс пен өтініш келіп түскен болатын. Сайлау алдындағы науқан кезінде тұрғындардың өтініші ескеріліп, Көкпекті аудандық «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасына енгізіліп, бекітілген болатын.

— Аудандық сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының индикаторына сәйкес жыл сайын 20 жас маманды көтерме жәрдемақымен және тұрғын үйді сатып алуға берілетін несиенен қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы орган-

дардан қажет қаржы бөлінді. Бұл мәселені шешуге аудандық мәслихат депутаттары — «Nur Otan» депутаттық фракциясының мүшелері белсенді қатысты. Мәселені мұқият зерделеп және аудандық бюджеттің барлық мүмкіндіктерін қарастырып, Жол картасының осы индикаторының жүзеге асырылуына барынша басымдық берілді, — дейді «Nur Otan» партиясының Көкпекті аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Раушан Алпысбекқызы.

Осы жылы аудан бойынша 58 жас маман 57 миллион теңгеден

астам сома көлеміндегі көтерме жәрдемақыға қол жеткізген. Оның 43 миллион 755 мың теңгесі аудандық бюджеттің құрамындағы мүшелері белсенді қатысты. Мәселені мұқият зерделеп және аудандық бюджеттің барлық мүмкіндіктерін қарастырып, Жол картасының осы индикаторының жүзеге асырылуына барынша басымдық берілді, — дейді «Nur Otan» партиясының Көкпекті аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Раушан Алпысбекқызы. Осы жылы аудан бойынша 58 жас маман 57 миллион теңгеден

Экология мәселесі қаралды

«Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының 2021-2025 жылға арналған Жол картасын жүзеге асыру мақсатында «Nur Otan» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы Экологиялық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Отырысқа кеңес мүшелері, Маңғыстау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Д.Еңсеген, Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті басшының орынбасары С.Хансейтов, Экологиялық қоғамдық кеңесі отырысының жетекшісі Ә.Қозыбақов онлайн және офлайн форматта қатысты.

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды: рұқсат етілмеген үйінділерді жою және үйінділердің пайда болу мүмкіндігін азайту жөніндегі шараларды күшейту және барлық ауылдарда коқыс жинау және құрамында сынап бар қалдықтарды жинау үшін контейнерлер орнату.

— 2020 жылы ғарыштық мониторинг нәтижесінде Маңғыстау облысы бойынша 148 рұқсатсыз орналастырылған қалдық орны анықталып, 129 нүктесі жойылды, 11 нүктесі жабылған тұрмыстық қалдық полигонының аумағы екені белгілі болды. 2021 жылдың басында анықталған 141 рұқсатсыз орналастырылған қалдық орнынан 108 нүкте жойылды. 2021 жылдың II жартыжылдығында тағы да 103 рұқсатсыз орналастырылған қалдық орны анықталып, бір ай мерзімде жою тап-



сырылды. Жойылғаны — 6 нүкте, — деді облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Д.Еңсеген.

Динара Еңсегеннің айтуынша, осы жылы коқыс орындарын жою мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының ұсынуы негізінде Экология департаментімен 6 жауапты лауазымды тұлға мен 56 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Облыста санитарлық талаптарға сәйкес келетін жобалар салы-

ған 7 тұрмыстық қалдық полигоны (будан әрі — ТТК) көму полигоны бар. Олар Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларында және Мұнайлы ауданының Баянды ауылында, Қарақия ауданының Жетібай, Құрық ауылдарында, Бейнеу ауданының Бейнеу ауылында, Маңғыстау ауданының Шетпе ауылында орналасқан. Ақтау қаласының әкімдігі 2021-2025 жылдары Ақтау қаласының өсуіне және қолданыстағы контейнерлердің тозуына байланысты қосымша 25 дана контейнер сатып алуды жоспарлап отыр.

Аграрлық секторды дамытудың жолдары

«Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалында аграрлық секторды дамыту бойынша қоғамдық кеңес отырысы өтті. Онда алдағы орақ науқанына дайындық мәселесі талқыланды. Жиын барысында ақмолалық диқаншылар егінге құрғақшылық қана емес, киіктер де үлкен қауіп төндіріп тұрғанын жеткізді.



Шаруалардың айтуынша, биыл далалы аймақтарда киіктер саны көбейген. Олар отарымен жүріп өтсе, егістіктен түк қалмайды. Сондықтан партиядан бұл бағытта қолдау көрсетуді сұрайды.

«Nur Otan» партиясы Ақмола облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Бекмағамбетов бұл мәселені қазір жер-жерде әркім өз күшімен шешуі қажет екенін айтты.

— Еліміз бойынша бір шешім шығарылғанша, кезекшілік ұйымдастырып, нанымсызды өзіміз қорғап қалуды ойластыру керек. Жалпы, осы және орақ науқанына қатысты өзге де өзекті мәселелерді шешу үшін тез арада кезектен тыс қоғамдық кеңес отырысын өткізу қажет. Аталған мәселені шешудің нақты амалын көрсететін ұсыныс

өзірлеген жөн, — деді Ғалым Бекмағамбетов.

Биыл Ақмола облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының алаңы 5 млн гектардан асады, бұл өткен жылдың деңгейінен 179 мың гектар жоғары. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың егістігін құрайтын 1,5 млн гектар алқаптың жағдайы бүгінде «жақсы» деп бағаланып отыр. Бұл жалпы егістік алқабының 32,3%-ын құрайды. 2,7 млн гектар қанағаттанарлық жағдайда болса, 318,6 мың гектар жерде өсім нашар. Ал 39,4 мың гектар жердегі егістік мүлдем жарамсыз болып қалған. Бұл жалпы егістің 0,9%-ын құрайды.

Ақмола облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының жетекшісі Димаш Таласбаев биылғы құрғақшылық салдарынан облыстағы егіс

өнімділігі төмен болғанымен, сапаға әсер етпеуі тиіс екенін атап өтті. Қазірде облыстың диқаншылары орақ науқанына толық әзірлік үстінде. Күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін облыстың агроөнеркәсіптік кешеніне 77 мың тонна дизель отынының кепілдендірілген көлемі бөлінген. Шілде айына бөлінген 30 мың тоннаға түгел шарт жасалды, әзірге оның 13,3 мың тоннасы тиелген. Бірқатар ауданда жанар-жағармайды жеткізу бойынша бірінші оператормен мәселе туындап отырғаны да белгілі болды.

Шөп дайындау науқанына келсек, өңірде әзірге 802,1 мың тонна шөп дайындалған. Сонымен қатар қолда бар барлық жем қалдықтарына түгелдеу жүргізілді. Осылайша, шөптің қалдығы шамамен 85 мың тоннаны құрап отыр. Қолда бар өткен жылдың мал азығын есепке алатын болсақ, өңірде шөп қажеттілігі 70,4%-ға қамтамасыз етілді. Сала басшысы отырысқа қатысушыларды шөп жинау науқаны аяқталғанша қажетті мөлшердің жиналатынына сендірді.

Кеңес отырысында халық қалаулылары нан бағасының қымбаттауына алаңдаушылық білдірді. Сондықтан тұрақтандыру қорының бидайды мол көлемде сатып алуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды. Алайда бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге күш түсірмей, диірменшілерді субсидиялау керек делінді.

Партия филиалының жаңа төрағасы сайланды

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Шиелі аудандық филиалының кезектен тыс XXXIII конференциясы өтті. Жиында «Nur Otan» партиясы Шиелі аудандық филиалының төрағасын сайлау және «Nur Otan» партиясы Шиелі аудандық филиалы Саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу туралы мәселелер қаралды.



Отырыстың күн тәртібіне сәйкес аудандық партия филиалы төрағасы лауазымына аудан әкімі Нариман Мақұлбеков кандидатурасы ұсынылып, ол делегаттардың

қолдауымен филиал төрағасы болып сайланды.

Нариман Мақұлбеков 1968 жылы Қызылорда қаласында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1986 жылы Қызылорда қаласындағы автобаза слесарь ретінде бастап, көп жылдар құқық қорғау органдарында, соның ішінде Қызылорда қалалық прокуратурасының тергеуші стажерінен облыс прокуратурасының орынбасары, Бас прокуратураның департамент бастығына дейінгі қызмет сатысынан өткен. 2020 жылдан бүгінге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін атқарған.

Алқалы жиында, сондай-ақ аудандық партия филиалының саяси кеңесі құрамына өзгеріс енгізілді. Конференция жұмысына 60 делегат қатысты. Олардың 23-і онлайн қосылды.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН

Қазақстан қарттар елі ме?



(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

Сонымен, 19 миллион халықтың 15 жасқа дейінгі бөлігі 21,6%-ды құрайды, яки бүгінде елімізде 4 087 008 бала бар, оның 2 087 950-і — ұл, 1 999 058-і — қыз бала. Ал 71%-ы 15 жас пен 65 жас аралығындағы азаматтар, яғни 6 561 616 ер адам, 6 904 490 әйел адам, барлығы 13 466 106 адам бар. Ал тақырыбымызға арқау болып отырған қариялар саны 1 400 686 адам, яғни 65 жастан асқандар халықтың 7,4%-ын құрайды. Бұл мәліметтерден аңғаратынымыз, қазақстандықтардың жас бойынша пирамидасы жасару типіне ие. Мұндай құбылыс туу көрсеткіші төмен болып келетін дамыған елдерге тән. Бірақ соған қарамастан салыстырмалы түрде өзіміз көрсеткіші төмен мұндай елдерде адамдары да ұзақ жасайды. Бұл мәліметтің бұрын БҰҰ-ның демографиялық және әлеуметтік статистика саласын зерттейтін статистика департаменті жариялап отыр. Айта кететін жайт, БҰҰ шкаласы бойынша, Қазақстан «қарт елдер» қатарына жатады.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ

Енді осы ретте халықтың экономикалық белсенді еместігінің экономика мен әлеуметтік ахуалға түсіретін демографиялық ауыртпалығына назар аударар болсақ, мұндай топқа еңбекке қабілетсіз немесе ішінара қабілетсіз деп танылған адамдар жататыны белгілі. Яғни, олар балалар, зейнеткерлер, мүгедектер және мүгедек болмаса да денсаулығы жарамайтын адамдар. Ендіше 15 жасқа дейінгі 4 миллион және 65 жастан жоғары 1,4 миллион адамның түгелге дерлік бұл санатқа жататыны анық. Ал қалған 13,5 миллионның тек 11,5 миллиондайы ғана еңбекке қабілетті екен. Сондықтан да бұл аралықта демографиялық ауыртпалық коэффициентін анықтау алу маңызды. Өйткені бұл — мемлекеттің әлеуметтік саясатқа бөлетін қаржылай шығындарының

тікелей көрсеткіші. Мәселен, бұл коэффициент көбейетін болса, білім беру мекемелерінің құрылысына, әлеуметтік қорғауға, денсаулық сақтау саласына, зейнетақы төлеуге және тағы да басқа шығындарға қаржы көлемі артуы тиіс деген сөз. Сондықтан бұл көрсеткіш халықтың жұмысқа жарамсыз бөлігінің оның еңбекке немесе өсіп-өнуге қабілетті бөлігіне тәуелділігіне қарай анықталады. Бүгінде ғалымдардың есептеуінше, Қазақстан үшін бұл коэффициент 40,8%-ға тең. Әлеуметтік маңызы бар мұндай мәнді халықаралық ұйым салыстырмалы түрде төмен деп бағалап отыр. Бұл еңбекке қабілетті халықтың бөлігі еңбекке қабілетсіз бөлігінен екі есеге асып түсетінімен байланысты. Мұндай үлестік қатынас салыстырмалы түрде алғанда, қоғамға азғана әлеуметтік салмақ салады екен.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ҚАЖЕТ

Сарапшылар демографиялық-әлеуметтік ауыртпалықты көптеген коэффициент бойынша саралайтын билдік. Соның бірі зейнетақы жүйесінің экономикаға салатын салмағы. Бұл көрсеткіш халықтың еңбекке қабілетті жаста, яғни 65 жастан жоғары бөлігінің еңбекке қабілетті бөлігіне қатысы бойынша бағаланады. Қазақстанда бұл мән — 13 миллионнан 1,4 миллион, яғни коэффициенттің 10,4%-ына тең.

Шынтуайтына келгенде, бұл жағдай қуанарлықтай емес. Өйткені адам капиталының экономика өркендеуіне қосар үлесі қаншалықты зор десек, оның сапасына қойылар талап та соншалықты жоғары болуы тиіс. Ол үшін мемлекеттің демографиялық саясатқа түбегейлі ден қояр уақыты келген сияқты. Әлеуметтік қолдауды одан сайын арттырып, бала тууды ынталандыру керек. Мәселен, жылтыр 420 мың сәби дүниеге келген екен. Бұл халықтың репродуктивті тобының потенциалы толық жүзеге асып отыр деген сөз емес. Егер бұл топта шамамен 6 миллион адам бар деп есептесек, елімізде жыл сайынғы бала туу көрсеткіші екі миллион баланы құрауы тиіс. Бірақ әлеуметтік-тұр-

мыстық жағдайларға қарай отбасын құрмай жүрген жастарымыз көп. Ол бірінші кезекте баспана және жұмыссыздық мәселесімен байланысты. Өз уақытында Сенат депутаты Ләззат Сүлеймен Қазақстанның демографиялық дамуы немесе демографиялық қауіпсіздік саясатының 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі ұсынған болатын. Оның пікірінше, бала тууды шынайы қолдау саясаты нақты және нәтижелі болуы тиіс.

«Мұндай бағдарлама ішкі көші-кон ағымдарын реттеу, демографиялық даму, халықтың өсу динамикасын болжау, репродуктивті денсаулық пен гендерлік теңдікті күшейту, отбасы мен халықтың әлсіз топтарын қолдаумен байланысты мәселелерді бірыңғай мемлекеттік-демографиялық саясат етіп жүйелеу үшін қажет. Ол үшін цифрлық көзбояушылыққа жол бермей, сапалы демографиялық және әлеуметтік индикаторлар бойынша өңіраралық айырмашылықты ескере отырып, ұлттық құжат әзірлеп шығу керек», — деді Л. Сүлеймен.

ҚАРИЯЛАР КӨБЕЙЕ БЕРМЕК

Ғалымдардың болжамы бойынша, елімізде 65 жастан асқан адам саны 2050 жылға қарай 7,4%-дан 14,1%-ға дейін, яғни екі есе артуы мүмкін екен. Оған өткен жылдардың динамикасы дәлел. Мәселен, Ranking.kz сарапшыларының қорытындысына сәйкес, Қазақстанда бір жылға қарт адамдар саны 4%-ға артып, 1,4 млн адамды құраған. Ал БҰҰ деректері бойынша, 2014 жылы 65 жастан асқан егд адамдар саны елімізде халықтың 6,8%-ын құраса, 2018 жылдың соңына қарай 7,1% болыпты. Сол сияқты елімізде өмір сүру ұзақтығы да артуы мүмкін екен. Егер 2014 жылы орташа өмір сүру ұзақтығы 71,44 жас болса, 2020 жылдың соңында бұл көрсеткіш 73,15 жасқа дейін артқан. Орташа дейтін себебіміз, бұл көрсеткіш ерлер мен әйелдер арасында екі түрлі. Мәселен, соңғы мәлімет бойынша, ерлердің орташа өмір сүру ұзақтығы — 63,2 жыл. Әйелдерде — 74,1 жас. Адамның ғұмыр жасының ұзаруы басқа көптеген себеппен қатар халықтың тұрмыс жағдайының артуына да байланысты екен.

БҰҰ-ның болжамы бойынша, 2018-2050 жылдар аралығында 65 жастан асқан бір зейнеткерге қатысты жұмыс істеуге қабілетті адам саны екі есеге азаяды екен. Егер 2018 жылдың соңында бір зейнеткерге 6,8 жұмыс істеуге қабілетті адам келсе, 2050 жылы олардың саны 3,5 болады деп болжанып отыр. Ал 2014 жылғы еске түсіретін болсақ, бір зейнеткерге елімізде 7,5 еңбекке қабілетті адам болған еді.

Жалған ақпараттың жазасы бар

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

ЖАЛҒАН ДЕРЕК АВТОРЛАРЫ ҚЫЛМЫСКЕР САНАЛАДЫ

Кез келген ақпаратты оқып, ой елегінен өткізетін адамдардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмай жататыны жасырын емес. Әсіресе, апараты және төтенше жағдайлар уағында, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған хабарламалар лезде көптеп тарайды. Яғни, арандатушылар «бүйірден ұрар» сәтті күтіп, дайын отыратын секілді. Қазақстанның заңнамасына сәйкес, фейк ақпарат таратқандар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік тартылып, жазаланады. Әйткенмен, көпшілік мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілік жүктелетінінен бейхабар сынды. Сонымен, жалған ақпарат таратушылар қандай жазаға кесілетінін анықтап көрейік.

Елімізде жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК сомасындағы айыппұл төлеуден бастап, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Жалған ақпарат тарату 2015 жылы жаңа Қылмыстық кодекстің қабылданғанын кейін қылмыс түрінде (274-бапқа сәйкес) қарастырыла бастады. Жоғарғы Соттың ақпараттық базасындағы мәліметтерге сенсек, фейк дерек таратқаны үшін 2015-2016 жылдары — 2, 2017 жылы — 4, 2018 жылы — 1, 2019 жылы 3 қылмыстық іс қозғалған екен. Бірақ жалған ақпарат таратуға қатысты жауапкершілік тек 274-баппен шектелмейді. Қылмыстық кодекстің бірнеше бабы бойынша жазаланады. Мәселен, 174-бап бойынша, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғандар ісі қаралады. Жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырса екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Үңілесек, жоғарыда «Қазақстан Қытайға қосылады» деген дерек қатысты қылмыстық іс қозғалар болса, осы бап негізге алынуы мүмкін.

Бұдан бөлек, 273-бапта «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау» жайлы айтылған. Мұндай жағдайда 5 000 АЕК мөлше-



рінде айыппұл салынып, түзеу жұмыстарына немесе бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Көбіне фейк таратқандар ісі 274-баппен қаралады. «Көрінеу жалған ақпарат тарату» дейтін бөлімінде қоғамдық тәртіпті бұзып, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қауіпін төндіретін дерек үшін түзеу жұмыстарына жегіліп, 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту қарастырылыпты. Кей кезде бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі. Ал Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексте жалған ақпарат тарату екі түрлі баппен қаралып, көбіне айыппұл салумен жазалайды.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Осы тұста біз мамандар пікірін білген едік. Заңгер Болатбек Ержан жалған ақпараттар қоғамды елеңдетіп, дүмпу тудырмаса, қылмыстық істі болжау аса қиын екенін айтады.

— Қылмыс құрамының басты шарттарының бірі ретінде таралған ақпараттың қоғамға, азаматтарға елеулі зиян келтіруі есепке алынады. Яғни, таралған ақпарат қоғамға да резонанс тудыруы қажет. Істердің аздығынан сот практикасын болжау да қиын. Жалған ақпарат таратып, жазаланған адамдар бұрын да кездескенін білеміз. 2016 жылы жер мәселесіне қатысты митингтер кезінде осы оқиғаларға түк қатысы жоқ фотосуреттерді Facebook-те «Қызылорда қаласындағы митинг» деп жариялаған азамат 2 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды. 2017 жылы YouTube сервисінде тұрғын үйлердің біреуі құлағаны жайлы видео таратқан Семей тұрғыны кіносын мойындап, 2,5 жылға бас бостандығын шектеу жазасына кесілген, — дейді ол.

Жазасы кешірілген Слекишина деген кім?

Бұған дейін Мемлекет басшының жазатайым қателесіп, қылмыс жасаған адамдарға бірнеше рет рақымшылық жасағаны бар. Мұндай рақымшылыққа әдетте жүздеген, кейде мыңдаған адам ілігеді. Ал жуырда Президент жеке адамға рақымшылық жасады. Ол — Наталья Слекишина деген азамат. Жазасын, сотталғандар арасынан айрықша «мертебеге» ие болған бұл азамат кім? Не үшін істі болып, оған неге кешірім берілді?

Жадыра МҮСІЛІМ

СЕГІЗ ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Қарақшылық жасағаны үшін жаза арқалаған Наталья Слекишинаның есімі елге жақсы таныс. 2015 жылы Жамбыл облысының тұмағы 32 жастағы Наталья Слекишинаға Алматы қаласының Алатау аудандық соты Қылмыстық кодекстің 192-бабы 3-бөлігінің 2-тармағы, яғни «ірі мөлшерде мүлік ұрлау мақсатында жасалған қарақшылық» ісі бойынша сегіз жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Сотта келтірілген дәлелдерге сәйкес, сол жылдың қантарында Наталья Слекишина ескі серіктесімен бірге өзі тұратын азаматтық күйеуі мен оның анасына қарақшылық шабуыл жасаған. Нәтижесінде, қылмыскерлер қылмыстық үйден зергерлік бұйымдар, уялы телефондар мен қомақты қаржыны ұрлап кеткен. Қылмыс жасағанға дейін ол қаладағы сұлулық салонының бірінде жұмыс істеген.

ХАКИМОВ ТҮРМЕГЕ ҚАЙТА ҚАМАЛДЫ

Сот үкім шығарған жылдың қазан айында сотталушы Наталья Слекишина өзіне зорлық әрекет жасаған Алматыдағы СИ-18 колониясының төрт бірдей қызметкерін сотқа берді. Өйткені түрмеде тұрған кезінде алты ай өткенде тұтқынның аяғы ауыр екені белгілі

болды. Слекишина сол кезде өзіне жасалған зорлықтан кейін жүкті болып қалғанын, колония қызметкерлеріне қатысты жазған арызды бірнеше мәрте қабылданбай жүргенін айтты. Сондай-ақ оның жүктілігін жасыру үшін Қарағандыға ауыстырылғаны белгілі болған. Сотталушы Слекишинаға зорлық көрсетті делінген төртеудің ішінен Алматы қаласы бойынша ҚАЖД ЛА-155/18 тергеу изоляторының қызметкері Руслан Хақимовтың сотталушы Наталья Слекишинаны зорлағаны дәлелденіп, 2016 жылы тоғыз жылға сотталса, қалған үшеуі қызметтен шеттетілді. Сонымен қатар сот оның «әділет майоры» арнайы атағынан айырып, өмір бойы мемлекеттік лауазымдарды атқаруына тыйым салды. Алайда ШҚО бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің орташа қауіпсіздік мекемесінде жазасын өтеген Руслан Хақимов 2019 жылы үлгілі тәртібі үшін шартты түрде босатылды. Бірақ Наталья Слекишина бұл шешіммен келіспейтінін, Хақимов оған моральлық шығын төлемегенін, қызына алимент төлеуден жалтарғанын алға тартқандықтан, сот Хақимовты түрмеге қайтару туралы шешім шығарады.

СЛЕКИШИНАҒА ЖАСАЛҒАН СЕНІМ

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жазасын өтеп жатқан Наталья Слекишинаға кешірім берді. Президент жанындағы кеші-



рім жасау мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімова Наталья Слекишинаға кешірім жасау актісі құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан жасалған зорлық-зомбылық фактісін мемлекеттің мойындауымен де байланысты болғанын айтты. Оның үстіне, Слекишинаға қатысты бұдан бұрын да қылмыстық жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдағаны себеп болған. Айта кетейік, 2017 жылы Іле аудандық соты Наталья Слекишинаның жазасын бес жылға кейінге қалдырған. «Сол кезден бастап ол өзін үш баланың жақсы анасы ретінде көрсетті. Өзін-өзі жұмыспен қамтып, пробациялық бақылау кезеңінде мінез-құлқына шағым түскен жоқ. Президент қабылдаған кешірім Слекишинаға мемлекет

тарапынан жасалған сенім деп түсіну керек» деп қосты Эльвира Әзімова. Сондай-ақ оңбұдмен ПМ-де жүргізіліп жатқан түбегейлі реформалар адамдардың қалыптасқан қол сұғуды болдырмауға мүмкіндік береді деп үміттенетінін жеткізді. Колония қызметкерлері Наталья Слекишинаның түрме ішінде үлгілі тәртіп көрсеткенін айтып отыр. Сотталушы осы жылдарда қызына анылық жылулық көрсетіп қана қоймай, қаржылық жағынан қамтамасыз етіп келген.

КЕШІРІМ КІМГЕ БЕРІЛМЕЙДІ?

Президент жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссия соңғы «Рақымшылық туралы» заң жобасына оң қорытындысын берген. Комиссия хатшысы Тастемір Әбішевтің пайымына, сотталған-

дарға өз өмірін өзгертуі үшін мүмкіндік беріп, түрме халқының санын азайту маңызды. «Зан жобасында рақымшылық жасағандар сотталушылар бірнеше санат бойынша бөлінген. Қылмысты бірінші рет, жеңіл қылмыс жасаған немесе 5 жылға дейін жаза кесілгендерге кешірім берілуі мүмкін. Ал біреудің еңбегін қанау, жезөкшелікке мәжбүрлеу бойынша адам саудасына қатысты сотталғандарға кешірім берілмейді. Оларды шартты түрде босатуға да рұқсат етілмейді. Бұл халықаралық стандарттарда бар», — дейді Тастемір Әбішев. Бұдан кейін сыбайлас жемқорлық бойынша сотталғандар, экстремизмге, ланкестікке байланысты қылмыстар рақымшылық жасауға кіргізілмеген. Бірақ заң жобасы бойынша, жазасын өтеудің белгіленген мерзімін аяқтаған соң шарт-

ты түрде босап шығуы мүмкін. Ал педофилдер мен аса қауіпсіздікпен азаптау әдісін қолданып адам өлтіргендерге, мемлекетке сатқындық жасаған қылмыскерлерге рақымшылық жоқ. Мейлі, ол бұрын құқық қорғау қызметкері болса да, азаптау әдісімен қылмыс жасағандарға кешірім берілмейді. Қанша жерден жеңіл болса да, екінші рет қылмыс жасаған адамға рақымшылық жасалмайды. «Бұл қылмыстың қайталануы болғандықтан, жаза мерзімі ұзартылады. Өйткені ол мемлекеттің өзіне берілген сенімін түсінбеген. Ізгілік елдердің барлығында сотталғандарға рақымшылық жасау қолданысқа енгізілген. Ал Слекишинаға келсек, ол Президент атына рақымшылық жасау туралы өтініш хатын жолдаған. Оның өтінішін арнайы комиссия қараған соң ғана ұсыным беріледі. Ары қарай кешірім мен мүмкіндік беру туралы шешімді Мемлекет басшысы ғана береді», — дейді Президент жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссия хатшысы Тастемір Әбішев. Демек, соңғы сөз Президентте.

Жалпы, тәуелсіздік жылдары 9 рет рақымшылық жасалды. Айталық, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай жарияланған рақымшылық кезінде түзеу мекемелерінен 1,5 мыңға жуық адам босатылды. Сондай-ақ сотталған 20 мыңнан астам адамның жазасы жеңілдетілді. Қылмыстық саясатты ізгілендірудің арқасында соңғы жылдары түрме «халқының» саны екі есеге азайды. Былтыр Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Рақымшылық туралы» заң жобасы әзірленіп, ол бойынша мемлекет пен азаматтарға үлкен қауіп төндірмейтін қылмыс жасаған адам келтірген шығынды өтеген адамдарды жазадан босату қарастырылып жатқаны мәлім болды.

Мұнайдан да қымбат май



Қазақстанда «қара алтыннан» да қымбат тұратын ресурс бар. Ол – күнбағыс майы. Қазір мұнайдың 1 тоннасы 538 доллар тұрады. Бұл шамамен 231 000 теңге деген сөз. Демек, қара алтынның 1 литрінің құны бүгінде 231 теңге ғана. Ал күнбағыс майының 1 литрі кейбір қала мен ауылда 800–1000 теңгеден сатылады. Сарапшылар анықтағанындай, 1 жыл ішінде бұл өнім кем дегенде 60,4%-ға қымбаттаған! Яғни, былтыр мол қылып, осы майды сатып алып, биыл өткізгендер тіпті биткойн де, пирамидалар да бере алмайтын мол табысқа кенелген.

МҰНАЙ ЕМЕС, КҮНБАҒЫС МАЙЫН САТСАҚ ШЕ?

Қазақстанда тіпті пандемия жайлаған қазіргі дағдарысты кезеңде де өндірісі қарқынды өскен сектор бар. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2021 жылғы қаңтар-маусымда былтырғы ұқсас кезеңге қарағанда өнеркәсіп 101,5%-ға, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 103,2%-ға, құрылыс – 111,9%-ға, сауда саласы – 108,5%, байланыс саласы 112,2%-ға өсім көрсеткен. Көлік, логистика, қоймалау және басқа да біраз сала құлдырап, даму даңғылына орала алмай жатыр.

Ал тазартылған (рафинадалған) күнбағыс майының өндірісі осы кезеңде бірден 137,4%-ға артқан. Сөйтіп, 2021 жылдың бірінші жартысында елде 76,9 мың тонна өндірілді. Сондай-ақ республикада 93,3 мың тонна тазартылмаған күнбағыс майы шығарылды, бұл бір жыл бұрынғыдан 105,9% көп. Осылайша, жыл басталғалы ішкі және сыртқы нарыққа еліміз 170,2 мың тонна сұйық май тасқындалды. Бұл тек жартыжылдықтары ғана. Және осының өзі тарихи рекорд саналады.

Енді қараңыз: 2021 жыл басынан бері Қазақстан 35,5 миллион тонна мұнай өндірді. Одан мұнай өндірушілер 15 миллиард доллар немесе 6,3 триллион теңгедей табыс тапты. Ал күнбағыс майының қара алтыннан 2-3 есе қымбат екенін ескерсек, осына табыс табу үшін

10,5 миллион, тіпті одан да аз тоннасын өндірсек де жетіп жатыр. Өйткені әлемде аталған өнімнің бағасы шығандап барады. Оның үстіне, мұнай қайта қалпына келмейтін ресурс саналады. Күнбағысты жылда қайтадан өсіруге болады.

УКРАИНА ҚАЛАЙ ҰТТЫ?

Мамандар күнбағыс майы қазір бүкіл әлемде қымбат екенін айтады. Мысалы, АҚШ нарығындағы осы өнімнің ең арзан түрі Украинадан жеткізілгені екен. 1 литрі 8 доллар (бізше 3,4 мың теңге) тұратын украиндық сұйық майды америкалықтар сөреден сүріп әкетіп жатыр. Мұнайы жоқ Украина осы ресурстан жап-жақсы пайда табады. 2020-2021 маркетингтік жылда (01.07.2020-21.06.2021) тек Еуропалық одақ осы елден 1,67 миллион тонна күнбағыс майын импорттады. Посткеңестік кеңістіктегі осы мемлекет 2020 жылы жалпы көлемі 5,897 миллион тонна тазартылмаған және 0,7 млн тонна тазартылған осы майды АҚШ пен Қытайдан бастап әлемдегі 90 елге экспорттады. Бұл жөнінен Украина әлемдік көшбасшылардың бірі! Сонымен бірге жергілікті дүкендердің төл сөрелерінде де тапшылық жоқ: субсидияларды пайдаланатын кейбір өндіруші тек ішкі нарыққа жұмыс істейді, соны толықтырады.

Атап өтер жайт, қазақстандық зауыттар да бюджеттен мол субсидия алып келді. Бірақ өнімнің белгілі бір бөлігін тек ішкі нарыққа сатуға сонша құлықты емес.

«Жазық даласы бар елдер үшін күнбағыс майы – жаһандық бәсекедегі

артықшылық. Себебі бұл дақылды өз жерінде өсіруге дүниежүзіндегі көптеген елдің мүмкіндігі жоқ. Ал бізде барлық қажетті табиғи жағдай бар. Бізде ең сапалы күнбағыс өседі», – дейді украиндық инженер-технолог Александр Войтюк. Осы елде күнбағыс егістіктерінде, зауыттары да толық автоматтандырылған, заманауи ең озық технологиялармен, жабдықтармен жараталған. Өзге елден бір түйір зат алмас бұрын инспекция өткізіп, сертификаттайтын Қытай Украинаның өндірісіне сүйсініп, көңілі толып, үлкен ауқымда өзіне тасып жатыр.

Егер Украинадағыдай ауқымда өндіре алсақ, Қазақстанда бұл май түрі мұнайды ауыстыра ала еді.

АЛПАУЫТТАР АСТЫНА БАСҚАН НАРЫҚ

Қызылжылтының сол, Қазақстанда майлы дақылдарды өңдеу өндірісі тым шектеулі. Мысалы, тазартылмаған күнбағыс майының елімізде жасалатын бүкіл көлемінің 72,2%-ы (67,4 мың тоннасы) – жалғыз Шығыс Қазақстан облысына тиесілі. Одан кейінгі орындарға жайғасқан Қостанай және Ақтөбе облыстарының үлесі мардымсыз.

Тазартылған (рафинадалған) май өндірісінде Шымкент көшбасшы: жалпы көлемнің 45,4%-ы немесе 34,9 мың



2021 жыл басынан бері Қазақстан 35,5 миллион тонна мұнай өндірді. Одан мұнай өндірушілер 15 миллиард доллар немесе 6,3 триллион теңгедей табыс тапты. Ал күнбағыс майының қара алтыннан 2-3 есе қымбат екенін ескерсек, осына табыс табу үшін 10,5 миллион, тіпті одан да аз тоннасын өндірсек де жетіп жатыр.

тоннасын оның еншісінде. Екінші орында тағы да ШҚО. Үштікті Алматы қаласы тұйықтайды.

Ірі өндірушілер де санаулы, бұлар – «Май» АҚ, «Өскемен май зауыты» ЖШС, Eurasian Foods Corporation АҚ, «ЭФКО Алматы» ЖШС, «Масло-Дел» ЖШС және басқасы.

Елімізде жыл өткен сайын күнбағыс майының өндірісі артып келе жатқанын айттық. Биылғы I жартыжылдықта 93,3 мың тазартылмаған және 76,9 мың тонна тазартылған түрі жасалған. Салыстыру үшін айтсақ, 2019 жылы – 78,9 және 57,9 мың тонна, ал 2020 жылы – 88,1 және 56 мың тонна өнім өндірілді.

Биыл отандық компаниялар экспортқа шығу сыртында ішкі сұраныстың 83,2%-ын өтеген. Былтыр бұл көрсеткіш 75,5% ғана болыпты.


2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда қазақстандық кәсіпорындар 464,1 мың тонна күнбағыс майын шығарды. Соның 138,6 мың тоннасын қазақстандықтар өзі тұтынған. Бұл бір жыл бұрынғыдан 13,7% көп.

Тұтастай алғанда, өнім жеткілікті көлемде шығарылған. Онда неге баға көтеріліп жатыр? Өндірушілер басты себеп ретінде әлемдік бағалардың жоғарылауын алға тартады. Нарық жағдайында өндіруші қандай нарық көбірек табыс әкелсе, соған бағдарланады. Егер Қазақстанда әр литрін 800 теңгеден ғана өткізе алса, ал Еуропа оның әр литрін 5-6 мың теңгеден алуға дайын отырса, кәсіпорындардың тандауы кімге түсетіні бесенеден белгілі. Тіпті, ішкі нарыққа жеткізгеннің өзінде әртүрлі сылтаумен бағаны өсіруге барады.

Бұдан бөлек, Ресейден және басқа елдерден тасылатын импорттық өнім де қымбат болып келеді. Қазақстан биылғы 5 айда шетелден 30,8 мың тонна сұйық май тасыпты. 2020 жылғы ұқсас мерзімдегісі 40,1 мың тонна болған. Яғни, биыл импорт көлемі 23,2 пайызға құлдырады. Дегенмен импорттық өнім ішкі нарығымыздағы жағдайға бәрібір әсер етеді.

АЛДА БАҒА АРЗАНДАУЫ МҰМКІН

Екіншіден, биыл төрт ірі зауыттың екеуі қатарынан тоқтап қалып, өндіріс



шамалы кеміді. Өйткені бұл екеуінің ішкі нарықтағы үлесі 17%. Қазақстанның май одағының президенті Константин Невзоровтың түсіндіруінше, зауыттардың тоқтап қалуына мемлекеттің осы тауарға шекті бағаларды енгізуі ықпал еткен. Әлеуметтік маңызды, яғни әрбір отбасы тұтынатын өнім саналатын сұйық май бағасының шарықтауына байланысты халықты қорғау мақсатында ел Үкіметі оның бағасын құрықтады. Ал кәсіпкерлер өнім арзанға сатқаны келмейді.

«Жекелеген өңірлерге шекті баға тіпті шикізаттың нарықтық құнынан төмен белгіленген. Зауыттар ол бағаман сатса, шығынға отырады. Сала ойыншылары билік көзқарасын өзгертіп, шекті бағаны алмастырады деп күтеді. Немесе ақшалай шамадағы шекті үстемеақыны бекітуі

шамалы кеміді. Өйткені бұл екеуінің ішкі нарықтағы үлесі 17%. Қазақстанның май одағының президенті Константин Невзоровтың түсіндіруінше, зауыттардың тоқтап қалуына мемлекеттің осы тауарға шекті бағаларды енгізуі ықпал еткен. Әлеуметтік маңызды, яғни әрбір отбасы тұтынатын өнім саналатын сұйық май бағасының шарықтауына байланысты халықты қорғау мақсатында ел Үкіметі оның бағасын құрықтады. Ал кәсіпкерлер өнім арзанға сатқаны келмейді.

Жарамсыз болған 134 ұпай

ҰБТ аяқталып, нәтижесі шыққанымен, айналасындағы дау-дамай бітер емес. Жақында мемлекеттік грантқа ие болған түлектер тізімі жарияланатыны тағы бар. Осы тұста министрлік 19 оқушының тестілеу нәтижесі жойылғаны туралы ақпарат таратты. Демек, олар грант алу құқығынан автоматты түрде айырылды. Олар ендігі кезекте не істейді? Министрлік мұндай қадамға неге барды?

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ТЕСТ НӘТИЖЕСІ ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛДЫ?

ҰБТ нәтижесі осымен үшінші жыл қатарынан қайта тексеріліп жатыр. Тестілеу орнына кіргізу, қадағалау жыл сайын қиындағанымен, адамнан айла аса ма? 2019 жылы 128 мың, 2020 жылы 1296 түлек тестілеуге тыйым салынған заттарды алып кіруге тырысса, белгі 758 оқушы осындай қадамға барған.

Биыл да өткен жылдағыдай Ұлттық тестілеу орталығының қызметкерлері 145 мың талапкердің бейнежазбасын қарап шыққан. Өйткені өткен жылы бақылау камераларынан бейнежазбаларды қарау туралы ереже енгізілген еді. Мәселен, 2020 жылы ҰБТ аяқталғаннан кейін 152 талапкердің тестілеу ережесін бұзғаны анықталып, нәтижелері жойылды. Осылайша, олардың 91-і білім беру грантынан айырылды.

Ал 2021 жылғы ҰБТ нәтижесі бойынша бейнежазбаларды қайта қарау арқылы 19 талапкердің жинаған ұпайы жарамсыз деп танылды. Мұның өзінде министрлік орталық қызметкерлерінің «бейне-



Еркешбай ДУЙСЕБӨЛІТОВ (Астана)

жазбалардың бір бөлігін егжей-тегжейлі қарап шыққаннан кейінгі нәтиже» деп отыр. Яғни, бұдан да басқа талапкерлердің ұпайы жойылуы мүмкін деген сөз. Сертификаты жарамсыз болып қалған 19 оқушыға келсек, олар ҰБТ барысында шпаргалка қолданып, ереже бұзғаны анықталған.

«Алдымен Ұлттық тестілеу орталығының қызметкерлері 100-ден жоғары балл жинаған тестіленушілердің бейнежазбаларын тексерді. Мәселен, талапкерлердің нәтижесі наурыз және мамыр, маусым айларындағы көрсеткіштерінен айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Мысалы, бір түлек наурыз айында 60 балл алған, ал маусымдағы тестілеуде 134 балл жинаған. Күмәнді көрсеткіш емес пе? Сол себепті бейнежазбаны қайта қарап, нәтижесін жойды. Тестілеуге қатысушылардың арасында шпаргалка қолданып, смартфоннан көшіріп отырғандар болған», – дейді БҒМ баспасөз хатшысы Мөлдір Абдуалиева.

ЖАРАМСЫЗ СЕРТИФИКАТПЕН ҚАЙДА БАРАДЫ?

Соңғы жаңалықты естіген кез келгенімізде осы сұрақ туғаны даусыз. Өйткені олар мемлекеттік грант конкурсынан шет қалып отыр. Дегенмен оқуға түсуің амалы бар екен. Әрине, ақылы түрде. Мұны Ұлттық тестілеу орталығы директорының міндетін атқарушы Наужан Дидарбекова түсіндіріп берді. Оның айтуынша, барлық түлекке ҰБТ-ны жылына бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі бекер берілмеген. Бұл тестілеуге дайындалу барысында оқушылардың күйзелісін азайтатыны тағы бар.

«Түлектердің тек өз біліміне үміт артуы үшін осындай мүжіт тексеру жүргізіп жатырмыз. Өйткені бүгін тест тапсырып, ережені бұзған талапкердің ертең полиция қызметкері, дәрігер, мұғалім немесе судья ретінде адал маман болатынына кепілдік жоқ. Сондықтан комиссия 19 талапкердің нәтижесін жоюға шешім шығарды. Енді олар грантты тағайындау конкурсына қатыса алмайды. Бірақ бұл жағдай балалар

тарапынан болғанын ескеріп, оларға жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқуға мүмкіндік беріледі. Ал біз бейнежазбаларды тексеруді жалғастырамыз. Бұзушылықтар анықталған жағдайда нәтижелер мен тіпті берілген гранттардың да күші жойылады», – дейді Наужан Дидарбекова.

Орталық өкілінің сөзіне сүйенсек, маусым айындағы ҰБТ сертификаты жойылған талапкердің одан бұрын тапсырған тестілеу нәтижелері күшінде қалады. Яғни, сол ұпайы арқылы ақылы оқу орнына тапсыруға құқы бар. Себебі мемлекеттік университет ақылы бөліміне оқуға тапсыру үшін де 50 ұпай керек. Мысалы, жоғарыдағы ҰБТ нәтижесі жойылған баланың жағдайын қарастырсақ болады. Ол маусым айында 134 балл жинағанымен, наурыз айында 60 балл алған. Демек, 134 балл жарамсыз болғанымен, 60 балмен ақылы оқу орнына түсету мүмкіндігі бар.

ҰБТ ТАПСЫРМАЙ-АҚ ҰПАЙ ЖИНАУҒА БОЛА МА?

Жыл сайын ҰБТ тапсырудың қатандағанын жаздық. Оқушылардың қандай атмосферада тест тапсырғанын білмек мақсатта елордадағы тестілеу орнына бардық. Мәселен, Тәуелсіздік даңғылындағы тестілеу орталығында кіреберістен тексеріспен қарсы алып, жеке куәлігіңіз арқылы Face ID жүйесінен өтесіз. Одан ары қарай ел талапкердің қолына логин-паролі, отыратын орны жазылған қағаз ұстатады. Сол жүйемен орныңызға барып жайғасасыз. Бірақ мұнымен шаруа бітпейді. Тестілеуді бастау үшін мандай тұсыңыздағы камераға түріңіз бен жеке куәлігіңізді көрсетесіз. Камера мақұлдаса, компьютерге белгі береді. Ары қарай тест тапсыруды бастайсыз. Қателеспесем, әрбір

керек. Бұл тетік әзірге әзірлену және талқылау сатысында», – дейді К.Невзоров.

Май зауыттары бюджеттен субсидиялар берілуін қалап отыр. Мысалы, олардың банктен алған несиелерінің мөлшерлемесін субсидия есебінен арзандатса дейді. Бұрыннан бері осы тетік қолданылып келген. Биыл ондай субсидия берілмейті.

Үшіншіден, 2020 жылы күнбағыс егістігінің біраз көлемі аптап ыстықта күйіп, қурап қалған. Пандемия және карантин шектеулері де ауыл шаруашылығы өндірушілеріне көктемгі егіс жұмыстарын толыққанды жүргізуіне кедергі болды. Тиісінше, астық аздау болды. Бұл шикізаттың қымбаттауына әкеліп соқтырды. Бірақ биыл Қазақстанда, Ресейде және Украинада күнбағыс майының мол түсімі болады деп күтіледі. Қазірден біржаралда ресейлік егіншілер бұл шикізаттың фьючерстік бағаларын түсіріп жатыр. Оны өңдеу өнеркәсібін белсенді дамытып жатқан Өзбекстан мен Қытай көтере сатып алуға.

Май өндірушілер Үкіметке өз астығын отандық зауыттарға өңдеуге тапсыратын аграршыларға да субсидия беруді ұсынды. Әйтпесе, диқанар күнбағысты қазақстандық кәсіпорындарға да экспорттық, жаһандық бағамен сатады. Салдарынан отандық өнімнің өзіндік құны әлемдегімен теңеседі.

Қазір Үкіметтің қабылдаған шаралары арқасында күнбағыс майының 1 литрінің орташа бағасы 700 теңгеден дейін түсіпті. Бірақ азаматтар кейбір дүкендер әлі күнге литріне 1000 теңге сұрап жатқанын байқап, суретке түсіріп, әлеуметтік желіде таңдана бөлскен.

Былтырдан бері сұйық май бағасы бірден 1,5 есеге дейін шығандаған болатын. Шекті баға бекітіліп, арзандатылғаннан кейінгі өсім 60,4% деңгейде тіркелді. Ең үлкен қымбатшылық Қарағанды облысында (80% немесе 1 литрі 715 теңгеден кейін), Алматы қаласында (175,9% немесе 767 теңге), БҚО-да (173,9% немесе 747 теңге) тіркелді.

Сұйық май шынында да мұнайдан құнды ресурсқа айналды. Оны төрткүл дүние салаттан бастап ыстық тамақ әзірлеуге дейін пайдаланады. Қазақстан халқы бауырсақ пісіруге үшін үлкен көлемде тұтынады. The Financial Times дерегіне, NoReCa сегментінің жаппай фаст-фуд концепциясына бет бұруы осы сұйық май түріне деген сұранысты барған сайын арттырған. Біраз территориясы мен облысынан, қаншама ресурсынан айырылып, соғыстан әлсіреген Украина-ның бизнес ортасы осы дүниежүзілік трендті тез түсініп, кейінгі бесжылдықта бұл секторын дүркірете дамытты. Соның арқасында бүгінде Украина күнбағыс майы нарығында өз шарттарын таңа алатын жаһандық алпауытқа айналды. Ал қазақстандық өндірушілер мүмкіндіктерді пайдаланып, даму орнына бюджеттен субсидия бермеді деп өндірісін тоқтатып, бұлданып отыр.

Елдос СЕНБАЙ

30-45 минут сайын жоғарыдағы камераға қарап, тест тапсырып отырған өзінің екенін дәлелдейсіз. Одан бөлек, алдыңызда 4-5 парақ тұрады. Отырған орынның тек бір адамға лайықталғаны тағы бар. Сол үшін анау-мынау артық қимыл жасау қиын-ақ. Ал мұндай жерде амалын тауып, шпаргалка қолдану қиынның қиыны екені даусыз. Сондықтан да ҰБТ нәтижесі жойылған оқушылармен тілдесіп көргіміз келді.

Алайда ойлағанымыз жүзеге аспады. Себебі министрлік «оларға қатысты жеке мәліметті бере алмаймыз» деп кесіп айтты. Бір байқағанымыз, әлеуметтік желіде де оқушылардың аты-жөні немесе оқыған мектебінің аты ашық жарияланбағандықтан кейін күмәнмен қарайтындар көп екен. Тіпті, «қайран миллиондар-ай» деп пікір қалдырған желі қолданушысына да кездестірдік. Мұның сыры неде екен деп іздестіріп көріп едік, мынадай бір мәліметке тап болдық.

Мамыр айының ортасында мессенджерлерде «ҰБТ-ға кірмей-ақ 120 балды алып беремін. Құны – 1 миллион 300 мың» деген хабарламаның скриншоты жарияланған. Қызмет ұсынушы талапкердің өзіне жеке куәлігін алып келсе жеткілікті екенін көрсеткен. Одан кейін байланыс орнатушыға бұрын тапсырған тестілеудің нәтижесін жіберген. Тестілеу орны деген жерде Шымкент қаласы Терешков көшесі деп жазылып тұр. Кейіннен осы жазбаны Бидос Қалшабек атты желі қолданушысы бөлісіп, «ҰБТ саудасы басталды. Шымкентте тестілеуге кірмей-ақ, 120+ балл алуға болады» деп жазған. Жел тұрмаса шоптінг басы қимылдамайтынын ескерсек, тестілеу қанша қатаң өтті дегенмен қолынан келгендер қолынан басса керек. Бірақ неге даудың басы айналып Шымкентті табады? Себебі мұғалімдер арасындағы тестілеуден өте алмағандар да арада біршама уақыт өткен соң Шымкент немесе Түркістан облысында тест тапсырып, тиісті ұпайды жинап қайтады екен. Ол жерде расымен «бармақ басты, көз қысты» әрекетке тыйым салынбаған ба?..

Бестөбедегі дау: стадион мен мектеп таразыға түскен сәт



Ақмола облысы Степногорск қаласының іргесіндегі Бестөбе елді мекеніндегі дау-дамай тыйылар емес. Керісінше, әлеумет арасындағы шиеленіс одан сайын ұшығып, тереңдей түскен. Оған әу баста алтын өндіруші компания жоспары мен тұрғындар көзқарасының бір жерден шықпауы себеп болған еді. Енді сипаты өзгеріп кеткенге ұқсайды.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Ауылдың белсенді тұрғындарының айтуынша, қазір қос тараптың арасындағы дау Бестөбе кентіндегі стадиондағы құрылысқа келіп тірелген. Тарихы 90 жылға жуықтаған бұл нысан бұзылып, орнына енді мектеп салынбақ. Ал бұған жергілікті қауымдастық өкілдері үзілді-кесілді қарсылық білдірген. Аталған мәселеге байланысты жергілікті халықпен бірнеше мәрте жиын да өткізіліпті. Қазір құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен басталып та кеткен. Дегенмен кей тұрғындар алған беттерінен қайтар сынай танытпайды.

Шегіне жетіп әбден шиеленіскен мәселеде тұрғындар мен жергілікті билік бір-бірімен ортақ келісімге келе алмаған. Жергілікті қауымдастық бұл орайда компаниямен арадағы дау бұл жағдайдың туындауына себеп болғанын айтады. Естеріңізге сала кетсек, бірнеше жылдарға созылған тартыстың соңында халықтың талабымен алтын өңдеу фабрикасы жабылып тынған. Олардың пікірінше «Қазақ Алтын ГМК» компаниясы жағдайды пайдаланып халыққа қысым көрсетуді мақсат еткен-мыс. Сондай-ақ тұрғындар стадионның орнына мектеп салу да ешбір заңға сәйкес келмейтінін жеткізді. Оның үстіне, бұқаралық

спортпен айналысушыларға бұдан өзге спортпен айналысатын орын да қалмаған деседі.

«Біздің айтып жатқан наразылықтарымызға биліктің құлақ асқысы келмейді. Ауылда бұдан басқа жастар мен балалардың демалатын орны да жоқ. Кешкілік келіп футбол, баскетбол сияқты ойындар ойнайды. Жүгіру жолы да болған. Жылда шахтерлердің түрлі жарыстары да ұйымдастырылатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі елдегі бұқаралық спортты дамытып, стадиондарды және спорттық секцияларды өркендетуге баса назар аударған жоқ па еді? Ал сонда мұндағы билік Президентке бағынбай ма? Міне, бізді 90 жылдық тарихы бар стадионмыздан айырмақ. Орнына 300 орындық мектеп салынбақшы», — дейді Бестөбе кентінің белсенді тұрғыны Николай Катчиев.

ҚОРЖЫНКӨЛДІ СҮРІП, ОРНЫНА ҚАРЬЕР ҚАЗА МА?

Негізі, мектеп құрылысының жобасы осыдан тура 8 жыл бұрын 2013 жылы басталған. Ол кездегі жоспар бойынша мектеп 900 орынға арнап салынуы тиіс болыпты. «900 орындық мектеп жобасы одан кейін 600 орынға өзгерді. Енді, міне 300 орынға бір-ақ түсті. Енді сол 8 жылдан бері сөреде шан басқан құрылыс жобасы қайта шықты. Біз мектептің салынуына

қарсы емеспіз. Өйткені ауылдағы мектептердің бәрі ескі. Бірақ басқа жерге салынуын сұраймыз. Мұның астарында біздің алтын өндіретін фабриканы жапқызып тастағанымызға қарсы жасап отырған қысастық әрекет бар деп білеміз. Олардың түпкілікті ойы Қоржынкөлдегі мектепті сүріп, балаларды осында әкелмек. Ал Қоржынкөлдің астында ашық әдіспен қарьер қазбақшы. Ал олай етсе Қазақстан халқы мұндағы бай алтын қорынан айырылады. Біз стадионды бұзбай басқа орынға

салсын деп те айттық. Бірақ олар осы жерден шықпай отыр», — дейді Николай Катчиев.

Жергілікті қауымдастық өкілдері стадионды сақтап қалу үшін Степногорск қаласының әкіміне, облыстық сәулет және құрылыс басқармасына, тіпті Ақмола облысы әкімдігіне де шағым хаттарын жолдаған. Сондай-ақ ауылдың әрбір көшесінің арнайы өкілі стадионның орнына мектеп салуға қарсылық хатына қол қойған. Тұрғындар бұл мектептің тек 300 орынға ғана салынып жатқанына да аландаулы. Олардың айтуынша, Бестөбедегі 600 бала оқитын қазақ орта мектебі апаттық жағдайда. Үшінші қабаттың төбесінен су сорғалап, бұзыла бастаған.

«Әрине, мектеп салынуы қажет. Өйткені 600 бала оқитын қазақ орта мектебі де апаттық жағдайда. Неліктен жаңа мектепті кемінде 600 орынға салып, қазақ мектебіндегі бар баланы осында ауыстырмасқа?! Әкімдік бастапқыда 900 балаға арналған жобаны 600-ге, одан 300-ге кемітті. Олар 1 және 2 қабатта оқыта бермек. Біздің Қоржынкөлдегі мектеп те өте ескі. Жаңа заманауи салынған мектепте біздің баламызды оқытқымыз келеді. Ал ауыл стадионының орнына салса, ол бізге 2,5 шақырым қашық болады. Балаларға мектепке барып-келу өте қиын. Біз де стадионның сақталып, мектепті бізге жақын жерге салғанын қалаймыз. Бірақ сөзімізді жергілікті билік ескермеді. Құрылыс басталып, стадионның асфальты мен жолдарын қазып, алып тастаған...», — дейді Қоржынкөл тұрғыны Александр Назаренко.

«МЕКТЕП АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙДА ЕМЕС»

Біз тұрғындар апаттық жағдайда деген Бестөбе кентіндегі қазақ орта мектебінің директорымен тілдесіп, жаңа мектептің орнына салынуы жайлы пікір білдіруін өтіндік. Мектеп басшысы мектептің апаттық

дастырылмайды. Жаңа, заманауи талаптарға сай мектеп салынса бәріне де орын болары хақ. Спорт кешендері де жоқ емес. «Қазақ Алтын ГМК» компаниясының және жеке кәсіпкер салған спорт кешендері бар. Бұл жерде түсініспеушілік болып тұрған сияқты. Ал біздің мектепті жауып, жаңа мектепке көшіреді деген ешқандай мәлімдеме болған жоқ», — дейді №1 Бестөбе орта мектебінің директоры Күлтай Мағзұмова.

«ҚАЙ ЖАУАП ДҰРЫС?»: БАСҚАРМА ЕКІ ТҮРЛІ ЖАУАП БЕРГЕН

Жаңа мектептің стадион орнына салынуы Ақмола облысының Сәулет және қала құрылысы басқармасы да заңға қайшы келетінін мәлім еткен. Басқарма басшысы міндетін атқарушының билығы 28 шілдеде жазған хатында бұл тайға таңба басқандай көрсетілгені.

«ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңның 47-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес елді мекендердің дамуы және құрылысы бекітілген бас жоспар негізінде жүзеге асырылады. Ал Бестөбе ауылының бас жоспары Степногорск қаласы әкімдігінің 2018 жылдың 12 наурызындағы №А-3/106 қаулысымен бекітілген. Аталған бас жоспарға сәйкес құрылыс жоспарланған аумақта «Еңбек» стадионы орналасқан. Сондықтан бұл жерде мектеп құрылысын салу қолданыстағы заңға қарама-қайшы келеді. Біздің ережеге сәйкес бақылау және қадағалау функциясы біздің құзыретімізге кірмейді. Сондықтан басқармамен Степногорск қаласы әкімдігіне 26 шілде күні заңның бұзылуына жол бермеу үшін шаралар қабылдау туралы хат жолданды», — делінген Ақмола облысы Сәулет және қала құрылысы басқармасының ресми жауабында.

Бірақ арада бір күн өткенде, 29 шілдеде дәл сол басқармадан тағы қосымша жауап келген. Мына қызықты қараңыз! Екінші жауап алғашқы жауапқа мүлде қарама-қайшы. Тұрғындар қайта түзетілген бұл жауаптың мүлде ақылға сыймайтынын айтады. Хатта жазылған екінші жауапты қаз-қалпында келтірсек:

«Жалпы білім беретін мектептің қажеттілігіне байланысты ауыл әкімдігімен 2013 жылдың 24 қазанында қоғамдық тыңдау

өткізілген. Аталған тыңдауда қауымдастық мүшелерімен ортақ пікірмен мектеп құрылысын стадион орнына салуға шешім қабылданған. Степногорск қаласы әкімдігімен шешім қабылданған сәтте кенттің бас жоспары жасалмаған. Ауылды мектеппен қамту мәселесін шешу маңыздылығы ескеріліп, 2014 жылы жер учаскесі бөлініп, барлық рұқсат құжаттары берілген. 300 орындық құрылыс жобасы салынған. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстарына конкурс өткізіліп, мердігер анықталған», — делінген басқарма жауабында.

Аталған мәселені анықтау үшін Степногорск қаласының әкімі Еркебұлан Баяхметовтің да пікір беруін сұрадық. Әкім стадион орнына мектеп салынуына халықтың өзі қарсы болмағанын айтып, қол қойған құжаттарын ұсынды.

«Қазір ел арасында әлеуметтік түсініспеушіліктер болып жатыр. Жағдай өте күрделі. Демографиялық жағдайлардың төмендеуіне байланысты мектеп құрылысының жобасы 900 орыннан 600-ге, одан 300-ге дейін азайтылды. «Қазақ Алтын» компаниясының мұнда еш қатысы жоқ. Бәрі мемлекет қаржысына салынып жатыр. Тұрғындармен жиын өткізілген. Хаттамасы бәрі бар. Тұрғындар стадион орнына салынуын қолдап, қолдарын қойған. Мектеп екі жыл ішінде салынбақ. Екі ауысымда оқыса, 600 балаға дейін оқиды», — дейді Степногорск қаласының әкімі Еркебұлан Баяхметов.

Біз жергілікті тұрғындардан құрылған қауымдастық өкілдерінің пікірлерінен кейін «Қазақ Алтын» акционерлік қоғамына ресми хат жолдап, пікірлерін білдіруін сұрадық. Бірақ компания өкілі бас директорын кен орындарында болуына байланысты әзірге жауап бере алмайтынын жеткізді.

P.S. Сонымен, Бестөбедегі шым-шытырқыққа толған түйінді мәселе әзірге халықты екіге жарып, әлеуметтік жағдайды шиеленістіріп тұр. Арадағы даулы мәселе шешілмесе, жергілікті тұрғындардың көпшілігі Президентке баратынын айтып, Компаниядан ресми жауап келсе, алдағы уақытта қосымша жариялайтын боламыз...

Ақмола облысы

Қалыпты жұмысқа қауесет кедергі

Коронавирус пандемиясы тараған былтырдан бері әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жалған ақпараттың қаптап кететінін байқап жүрміз. Әсіресе, «вирусты аспаннан шашты» деп жар салатындар тіптен көп. Соның кесірінен Шымкентте зиянкес жәндіктерге қарсы дәрі шашып жүрген азаматтарға соқтығып, жабдықтарын сындырып кеткендер де болды.

Назгүл НАЗАРБЕК

«ТАҒЫ ДА АСПАННАН ВИРУС ШАШАДЫ»

Бірер күн бұрын Шымкент жақта WhatsApp желісі арқылы әдеттегідей тағы бір фейк таралды. Онда «вирус шашу» 7-8 тамызда ұйымдастырылатыны жазылған. «7-8 тамызда үйден далаға шықпаңыздар. Далада вирус шашады екен. Больницада істейтіндер айтып жатыр, кислородтар әкеліп дайындап жатыр екен, тамыздың 10-11-деріне ауырып көп адам түседі болыпты деген. Терезені жауып шыдап өткізіп жіберейік. Таныстарыңызға айтыңыздар. Бәрі плановый ғой, слабий болып жүргендер өліп кетеді тағы біраз» деп жазылыпты хабарламада. Біз толып жүрген әріп қатесін түзеткенімізбен, сөйлемдерін сол калпында ұсындық. Қауесетті таратушылар 7-8 тамызға қатысты «болжам» айтыпты. Сөйтіп, мессенджерлерде бұл хабарлама жылдам тарап жатыр. Бірақ әзірге мұндай ақпарат таратқан адам ұсталған жоқ. Бәлкім, бірер күнде анықталып, бұқарадан кешірім сұрайтын шығар. Бірақ мәселе мұндай ақпараттардың тыйымсыз таратылуында.

Жалпы, ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі ақпараттың жалған әрі шындыққа сәйкес келмейтінін айтып-ақ келеді. «Бұған дейін де осыған ұқсас хабарламалар тараған, бұл да соның бір түрі. Ешқандай да улау не болмаса басқа да процестер жүргізілмейді. Бұған дейін де бірнеше мәрте ауылшаруашылық тыңайтқыштарын шашқан ұшақтардың видеосына жалған пікір жазып, негізсіз айыптаулар түсірген қазақстандықтар анықталып, халықтан кешірім сұраған еді», — дейді ол. Сондықтан да дерек көзі белгісіз ақпаратқа сенбеуге және мұндайларды әлеуметтік желіде таратпауға әрі тек ресми ақпаратқа сенуге шақырып, жалған ақпарат таратушылардың жазаланатынын ескертуді.

Жуырда WhatsApp желісі арқылы түнгі мезгілде көлікпен көшеде дәрі шашып жүрген жігіттерді ұстап алып, балағаттап қайтарып жіберген бейнежазба таралды. Мұнда да сол «халықты улап жатыр» деген айқай. Кейіннен бұл көліктегі астаналық екені, видеода масса мен шыбын-шіркейді улау сәті түсірілгені белгілі болады. Ресми ақпаратта жұмыстардың түнгі және таңғы уақытта жүргізілетіні айтылады.



Дезинфекция жұмыстарына қарсылық білдірген топ Шымкент қаласында да белгілі болды. «Белгісіз сұйықтықты шашып жүр» деген шулы бейнежазба да таралған. Ал мамандар зиянкестермен күрес жүргізіп жатқанын айтып ақталады.

АДАМҒА ЗАЛАЛСЫЗ ДӘРІЛЕР КОЛДАНАДЫ

Шымкент қаласы әкімдігі таратқан мәліметтерге сүйенсек, шаһарда көктем мезгілінен бастап ағаштарды ауруға қарсы залалсыздандыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Қаладағы жалпы 125 гектар аумаққа

«Имидор», «Омайт», «Энжин» препараттары мен қарағаштарды өңдеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде, 28 гектар саябақ, одан бөлек Абай ауданының 20, әл-Фараби ауданының 25, Еңбекші ауданының 23 және Қаратау ауданында 29 гектар аумақ залалсыздандырылмақ.

Әл-Фараби ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі аудан аумағындағы ағаштарды зиянкестерден қорғау мақсатында талдарды дәрілеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. Бүгінде көше бойындағы ағаштарды зиянкестерге қарсы дәрілеу жұмыстарын Build st0i

және «Назар» мердігер мекемелері жүзеге асырып жатыр. Көше бойындағы ағаштарды залалсыздандыруға «Откороед» препараты қолданылып жатқаны да атап өтті.

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ШАБУЫЛ ДА ЖАСАҒАН

Ал қаладағы ағаштарды зиянкестерге қарсы дәрілеу жұмыстарын жүргізуді мойнына алған «Билдстрой» ЖШС директорының орынбасары Эльнар Бауыржан жалған ақпараттардың салдарынан жұмыс істеп жүрген жігіттерге шабуыл жасалғанын жеткізді.

«Біз биыл Шымкент қаласындағы барлық аудан аумағындағы тал-дарактарды, гүлдерді зиянкестерден қорғау шаралары бойынша тендерден ұтып алғанбыз. Бұл шаралар ешқашан тоқтаған емес. Көктемнен қонар күзге дейін жалғастырамыз. Кешенді жұмыстар жүргізіледі. Гүлдер мен кішкене талдар өсіп жетілгенше оларға емдік шараларын жүргізіп, дәрумендермен қамтып өз бақылауымызға аламыз. Биыл дәрі шашып адамдарды улап жатыр деген ақпараттардың көптігінен бе, өткен аптада Қаратау ауданында жұмыс істеп жүрген жігіттерді ұрып, аппаратты сындыру дерегі болды. Полиция шақыртып, дер кезінде келіп бұзақыларды ұстады. Енді олар аппараттымызды алып беруге уәде еткен болатын» дейді ол. Сонымен бірге ауа температурасының қатты ысуынан мұндай жұмыстарды түнде атқарып жүрген жұмысшылар енді температура-ның түсуіне орай күндізге ауысыпты. «Биыл ауа райының қолайсыз болуынан зиянкестер көбейді. Сондықтан біз де жұмысымызды қушейттік. Бірақ ағаштарға себіліп жатқан дәрілер адамдарға қауіпті емес», — дейді Эльнар Бауыржан.

Жасыл желектерге түскен құрт-құмырсқаны дәрілеу — бұрыннан-ақ бар жұмыс. Бірақ осынау алыпқашпа әнгімелерден соң елге олардың жұмысы күдік туғызып жатқан болуы мүмкін.

Шымкент қаласы

«Екі түйе сүйкенсе...»



(Басы 1-бетте)

Роза ШӘКЕН

ЖОЛАЙРЫҚ

Алайда құрылтайшылардың қуанышы ұзаққа созылмады. Көп ұзамай олардың арасында қаржы қатысты алауыздық туындап, достықтары шорт тыйылды. Жолайрыққа келіп тірелген құрылтайшылар үлестерін бөлісу үшін талай соттың табалдырығын тоздырды. Үлес салмағы көбірек ресейлік кәсіпкерлер Виктор Долгалевтің директордың орын-тағынан тайдырып, өз адамын тағайындаған соң, экс-басшы өз ұлы Даниилмен бірлесіп басқа серіктестік құрады. Қазір «Обуховский ГОК» ЖШС даулы кен орнында титан-цирконий өндірумен айналысып жатыр. Директоры Даниил Долгалевтің айтуынша, «Тиолай» компаниясымен жасалған жер койнауын пайдалану туралы келісімшарт негізінде өзі басқаратын серіктестік бұл жұмыстарды жүргізуге құқылы. Бірақ әкесі Виктор Долгалев бұл құжат ұрыс-керіс барысында қолды болғанын алға тартады. Ал қарсыластары ол кенті заңсыз өндіріп жатқанын айтып отыр.

Он жылдан астам уақытқа созылған дау-дамайдың детективке ұқсайтын тұстары көп. Бір-біріне жудырық ала жүгіру, атыс-шабыс, ұрыс-төбелес, қасқана жол апаты, түрлі жаракат, ұрлық-қарлық, жалған құжат, есік күзету — осының барлығын кен орнындағылар кинодан емес, шынайы өмірден көріп отыр. Қозғалған қылмыстық істерден

көз сүреді. Тәртіп сақшылары, прокуратура, жергілікті билік мұндағы жағдайдан хабардар.

«Құрылтайшылардың арасындағы дау осындай жағдайға әкеліп соқтырып отыр. Біз үшін де бұл — үлкен мәселе. Әрине, біз кәсіпорынның жұмысын тоқтатуға мүдделі емеспіз, керісінше жұмыс істегенін қалаймыз. Бірақ барлығы заң аясында болуы тиіс», — дейді облыс әкімі Құмар Ақсақалов.

Облыс прокуроры Бағбан Тайымбетов те сот шешімі бар екенін, онымен келіспегендер Жоғарғы Сотқа жүгінуге болатынын айтып, кәсіпорын жұмысын заңға сәйкестендіру керек деген пікірді қолдайды.

ҚАРЫЗЫ БАСТАН АСАДЫ

Компания мойнына алған міндеттемелерін орындамағандықтан, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2006 жылы берілген лицензияны жырда қайтарып алды. Вице-министр Руслан Баймишев түсіндіргендей, «Жер койнауын пайдаланушыға келісімшарт талабы орындалуы тиіс екенін, жағдайды түзеу керектігін бірнеше рет ескерттік. Уақыт бердік. Өкінішке қарай, «Тиолай» компаниясының басшылығы кәсіпорын аумағына кіре алмай отырғандықтан, қолдан келер амал жоғын айтып жауап жолдады. Сол себепті біз біржақты тәртіппен келісімшартты бұзуға мәжбүр болдық. Кәсіпорын басшылығы біздің шешімге қатысты ешқандай шағым түсірген жоқ», — деді вице-министр.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Төле-

ген Қабдөшевтің мәліметінше, 2017 жылдан бастап бұл кәсіпорын салық төлеуді күрт тоқтатқандықтан, мәжбүрлі шаралар қолданылған. Бүгінде кәсіпорынның 56 миллион теңгеден астам салық қарызы бар. Даниил Долгалев «Тиолай» қарызының «ОГОК»-қа қатысы жоқ» дейді.

Бүгінде Обухов кен орнында әртүрлі бірнеше компания жұмыс істеп жатыр. Акционерлер арасындағы алауыздық күн санап етек жаюда. Титан-цирконий қолданылатын электроника, атом энергетикасы, ракета құрылысы сияқты салалар қарыштап дамып келе жатқан заманда бұл таластың себебі түсінікті де.

АҚОРДАДАН АРАША СҰРАМАҚ

Обухов кен орнында 500-ден астам адам жұмыспен қамтылған. Айдын-күннің аманында зардап шегіп отырған да — солар. «Екі сиыр сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» кері.

Жуырда қайтадан қылмыстық іс қозғалып, комбинаттан шикізат шығаруға тыйым салынды. Даниил Долгалев «Тиолайның» емес, өздері өндірген шикізатты тасымалдағанын айтады. Облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметіндегілер: «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің мәліметтерін таратуға болмайды. Прокуратура да ұрқат бермеді», — деп қысқа қайырды. Аудандық прокуратурадағылар ресми сауалға 7 күн ішінде жауап беретінін айтты.

17 миллион теңгенің шикізат тиелген жүк көліктері аудандық

полиция бөлімінің тұрағында қантарулы тұр. «Обуховский ГОК» директоры Даниил Долгалев шикізатты бұлай сақтауға болмайтынын, концентраттан бөлінген радионуклидтер адам денсаулығына да, топыраққа да, ауаға да зиянын тигізетінін айтады. Бұл — олардың Қытайға экспорттайтын тауары. Тауар сатылмаса, жұмысшылар еңбек-ақысыз қалады деген сөз.

2017 жылы осы кәсіпорында жұмыс істеп нәпақасын табу үшін Көкшетаудан әдейі көшіп келген комбинат шебері Марат Шегеннен маза қашқалы қай заман?! «Бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Кәсіпорын жабылып қалса, не істемекпіз? Қирап жатқан кәсіпорынды аяғынан тік тұрғыздық. Не үшін? Сондықтан соңына дейін күресеміз. Жалақымыз жақсы: 500-700 мың теңге. Мәселе шешімін табады деген үміттеміз», — дейді ол.

Зертхана және техникалық бақылау бөлімінің бастығы Наталья Александрова болса, оқу жылы таяп қалғанын, балаларды мектепке әзірлеу керектігін, одан қалды қысқа отын, көмір алу қажетін айтып қапаланады.

«2017 жылдан бері осында жұмыс істеймін. Қарамағымда 26 қызметкер бар. Олар мені күнде сұрақтын астына алады. «Бейбіт күні тыныш жұмыс жоқ. Еңбек-ақымыз уақытылы төлене ме?» деп беймаза күй кешіп жүр. Бәрінің де бала-шағасы бар, мектепке, балабақшаға керек-жарактарын алуы керек. Қыс таяп келеді, отын-көмір, мал азығы тағы бар. Өзімің де екі балам бар. Жұбайымның жалақысына төрт жан күн көре алмаймыз. Жұмыссыз қаламыз ба деп қорқамыз. Біздің жұмысымыздың аясы тар. Бұл өңірде мұндай жұмыс тауып алу қиын. Сондықтан өз жұмыс орнымыз үшін соңына дейін күресеміз. Көбі университет бітіргелі осы жерде жұмыс істеп жүр. «Мылтықсыз майдан» дейді мұндайы бар ма?», — дейді ол.

Амалы таусылған жұмысшылар енді Ақордаға барып, ел Президентінің араласуын өтініпкіші. Компания акционерлерінің өзара тіл табыса алмауы талайдың бас ауруына айналып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы

Ауыл — алтын бесік. Халықтың тілегі орындалып, елімізде тұңғыш рет ауыл әкімдерін сайлау сәтті аяқталды. Ауыл тұрғындары белсенділік танытқан сайлауда Атырау облысынан шалғай ауылдағы Сафон ауылдық округіне Роза Камзаева сайланды.

Елдің дамуы ауылдан бастау алады

Түрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ



Мұнайлы аймақтың Құрманғазы ауданы Сафон ауылдық округі әкімінің сайлауына «Nur Otan» партиясынан үміткер Роза Камзаева өзі туған ауыл тұрғындарының көп дауысына ие болды.

2000 жылдан бастап 2017 жылдың тамыз айына дейін Сафон ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметтерін атқарған. 2017 жылдан Сафон ауылдық округі әкімінің лауазымын атқарып келген. Өз туған ауылында тапжылмай қызмет атқарып келе жатқан Роза Шамарқызы әкім болған жыл-

дары ауылда халық саны артты, жол, электр желісі, көше жарығы, газ, ауызсу жүргізілді. Жана әлеуметтік нысандар халық игілігіне берілді.

«Халықтың әкімді сайлауы — қоғамда әркез талқыланып келе жатқан мәселе. Биыл ауыл әкімдерін сайлаудың тұрғындардың ықтиярына берілгені барлығымызды қуантады. Елдің алтын бесігі ауыл екені сөзсіз. Тәуелсіз елдің өркеніетке жетудегі қарышты қадамына ауылдың қосар үлесі зор. Сондықтан ауылдардағы проблемалар шешімін тапса, онда сол аймақтың проблемалары да кезеңмен шешімін тауып, халықтың әл-ауқатын арттыратын игіліктерге қол жеткізу мүмкіндігі болады. Мен өз тарапымнан ауыл әкімі болуға лайық деп дауыс берген тұрғындарға ризашылығымды білдіремін. Ауылдағы проблемаларды тұрғындармен бірлесіп шешу мақсатын келешекте Сафон ауылының қарқынды дамуына үлесін қосатынына сенемін», — дейді жана сайланған әкім.

Егемен елдің ертеніне демократиялық жолмен жетуді мақсат еткен ауыл әкімдерін сайлау халықтың құзырына берілуі туған жерге түгетін азаматтар қатарының көбеюіне жол ашатын деген ауыл әкімі Роза Шамарқызы ауылдың қандай проблемаларын шешуге атсалысатынын айтты. Оның айтуынша, келер жылдан бастап ауыл тұрғындарын қоғамдық көлік тасымалымен қамтамасыз ету, жол салу, жастарды спортқа бейімдеу, ауыл жастарына қолдау көрсету, жұмыссыздық мәселелерін шешу, кәсіпкерліктің дамуын қолдау, ауыл тазалығы, көшелерді абаттандыру, қоғалдандыру, ауылшілік жолдарды жөндеп ұстау секілді проблемаларды шешу жоспарында бар. «Ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін. Қосымша қаражат көздерін қарастыру арқылы халықты ауызсумен және жазғы сумен қамтамасыз етуге өзек түбін тереңдетуге, балалар ойын алаңын салып, демалыс орындарын кеңейтуге күшімді саламын. Халықтың аз қамтылған тобы — зейнеткерлерге, көпбалалы, жалғызбасты аналарға жан-жақты қолдау көрсетуге, ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға әлсіздімі қосамын. Бұл қыруар жұмыстарды өзіме сенім артқан ауыл тұрғындарымен бірге шешетініміз сөзсіз», — деген Сафон ауылдық округ әкімі Роза Камзаева сәттілік тіледі.

Атырау облысы

«Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің Бюросында
2021 жылғы 6 тамыздағы
№ 009PQ қаулысымен
БЕКІТІЛДІ

«Nur Otan» партиясы қоғамдық бірлестігі
2020 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Көрсеткіштің атауы	2020 жыл
КІРІСТЕР:	
I. Коммерциялық емес қызметтен	
Саяси партияларды республикалық бюджеттен қаржыландыру	7 884 290
Партиялық жарналар	2 203 753
Демеушілік және қайырымдылық көмек	8 605
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіріндегі салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы	1 637 102
Коммерциялық емес қызметтен жиынтығы	11 733 750
II. Коммерциялық қызметтен	
Жалға беруден алынған кірістер	783 018
Басқа да кірістер (бір жолғы)	22 586
Коммерциялық қызметтен жиынтығы	805 604
Жиынтығы	12 539 354
ШЫҒЫСТАР:	
Еңбексіз және әлеуметтік төлемдер бойынша шығыстар	5 255 940
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ұстауға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар	1 522 772
Иссапарлық шығыстар	147 576
Жалдау төлеміне арналған шығыстар	53 070
Байланыс қызметтеріне арналған шығыстар	132 563
Сактандыру және консультациялық қызметтерге арналған шығыстар	11 620
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	714 900
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	443 118
Ақпараттық сүйемелдеу	1 684 293
Еншілес ұйымдарды қаржыландыру	390 551
Демеушілік және қайырымдылық көмек	400 823
Күрделі салымдар	319 126
Партияның атрибутикасы	73 254
Мәжіліс пен мәслихаттарға партиялық тізімдер бойынша өткен сайлаудағы сайлау жарналары мен қорлары	4 205 655
Басқа да шығыстар	526 188
Шығыстар жиынтығы	15 881 449
Дефицит (-)/Профицит (+)	(3 342 095)

«Nur Otan» партиясының 2020 жыл бойынша кірістері мен шығыстары туралы есебіне түсініктеме жазба

«Nur Otan» партиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, партия Жарғысына, Саяси тұғырнамасына және Бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. Партия өз қызметін 1999 жылдан бастап атқарады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша партия мүшелерінің саны — 793 765 адам.

Партия Орталық аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 12/1.

Есепті жасау әдісі. Партияның кірістері және шығыстары туралы есеп қасалық әдіспен, ұлттық валютада — теңгемен, өлшем бірлігі — мың теңгемен жасалды.

2020 жыл бойынша кірістер мен шығыстар туралы есеп партияның Орталық аппараты, 17 аймақтық (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, облыстар), 217

аумақтық филиал (оның ішінде 181 аудандық және 36 қалалық филиал), ірі бастауыш партия ұйымдарының базасында құрылған 13 филиал және партия құрған немесе оның қатысуымен құрылған ұйымдар бойынша деректері қамтылды.

2020 жыл бойынша кірістер мен шығыстар туралы есеп «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің Бюросы шешімімен (2021 жылғы 6 тамыздағы № 009PQ қаулы) бекітілген.

Партия құрған немесе оның қатысуымен құрылған ұйымдар. Партия құрылымында: «Nur Otan» партиясының Қоғамдық саясат институты және «Nur Otan» партиясының Саяси менеджмент мектебі» коммерциялық емес ұйымдар (жеке мекемелер) өз қызметін жүзеге асырады. Сондай-ақ, партия 2 коммерциялық ұйымның 100% иесі болып табылады: «Nur Otan» шаруашылық басқармасы» ЖШС (бұдан әрі — ШАРБ) және «Nur Media» ЖШС (бұдан әрі — Холдинг).

ШАРБ қызметінің негізгі бағыттары — партияны сервистік-қосалқы қамтамасыз ету, ғимараттарға қызмет көрсету, сондай-ақ полиграфиялық қызмет болып табылады. Холдинг партияның республикалық баспа басшыларын, теле- және радио-арналарын, сондай-ақ интернет-ресурстарын біріктіретін партияның медиалық активі болып табылады.

«Nur Otan» партиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Nur Otan» партиясының бағдарламалық құжаттарына, «Jas Otan» Жарғысына және Бағдарламасына сәйкес жүзеге асыратын «Jas Otan» Жастар қанатына демеушілік көмек көрсетеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жастар қанаты мүшелерінің саны — 105 097 адам.

I. 2020 жыл бойынша кірістер

Партияның кірістері 12 539 354 мың теңге, оның ішінде коммерциялық емес қызметтен кірістер — 11 733 750 мың теңге, коммерциялық қызметтен кірістер — 805 604 мың теңге болды.

Кірістер келесі кіріс көздерінен қалыптасады:

- республикалық бюджет қаражатына;
- партиялық жарналардан;
- кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерден (активтерді басқару, үй-жайларды жалға беру және т.б.);
- Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік емес ұйымдарының және т.б. қайырымдылықтарынан құралады.

1. Республикалық бюджеттен саяси партияларды қаржыландырудан кірістер 7 884 290 мың теңгені құрады.

Мемлекеттік қаржыландыру Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 166/314 қаулысымен бекітілген Саяси партияларды қаржыландыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бюджет қаражаты сайлау қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде ұсынылған барлық саяси партияларға жыл сайын бөлінеді. Бюджеттік қаражаттың мөлшері сайлаудың қорытындылары бойынша Парламент Мәжілісінде өкілдік ететін саяси партиялар үшін дауыс берген сайлаушылардың әрбір дауысы үшін ең төменгі жалақы мөлшерінің 3 пайызы есебімен айқындалады.

2. Партиялық жарналардан кірістер 2 203 753 мың теңгені құрады. Ай сайынғы партиялық жарналар 2020 жылы партияның Жарғысымен келесі мөлшерде белгіленген: **енбекке жарамды жастағы жұмыс істейтін азаматтар** — «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша тиісті қаржылық жылға бекітілген айына ең төменгі жалақы мөлшерінің 0,7% (297,5 теңге) және партия мүшесінің қалауы бойынша одан да жоғары;

студенттер, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тыңдаушылары — «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша тиісті қаржылық жылға бекітілген айына ең төменгі жалақы мөлшерінің 0,07% (29,75 теңге) және партия мүшесінің өз қалауы бойынша одан да жоғары.

Зейнеткерлер, мүгедектер, жұмыссыздар, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстағы адамдар мүшелік партиялық жарналарды төлеуден босатылған.

3. Демеушілік және қайырымдылық көмектің сомасы 8 605 мың теңгені құрады. Заннамаға сәйкес партияға қайырымдылық тек Қазақстан Республикасының азаматтарынан және мемлекеттік емес ұйымдарынан қабылданады.

4. Салымдар бойынша сыйақылар сомасы 1 637 102 мың теңгені құрады. Барлық салымдар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкірінде орналастырылған.

Шетелдік банкірлер партияның есепшоттары мен салымдары жоқ.

5. Жалға беруден алынған кірістер 783 018 мың теңгені құрады.

6. Өзге кірістер 22 586 мың теңгені құрады.



Рыбакина ынталандыру сыйлығын алады

Теннистен Қазақстанның бірінші ракеткасы, Токио Олимпиадасының қатысушысы Елена Рыбакинаға ынталандыру сыйақысы беріледі.

«Әрине, ынталандыру болады. Қазірдің өзінде келіссөз жүріп жатыр. Атап айтқанда, Beeline, Forte Bank компаниялары секілді демеушілер қызығушылық танытып жатыр. Шамамен 70 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы тағайындап, спортшының одан әрі жарыстарға қатысуына қолдау білдіргелі жатыр», — деді Теннис федерациясының вице-президенті Юрий Польский Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Сонымен бірге спикер теннисшімен қатар, оның жаттықтырушысымен де қосымша жұмыстың қолға алынатынын айтты.

«Елена — жас теннисші және оның болашағы зор. Біз спортшының одан әрі дамуына қолдау білдіреміз. Оның үстіне Токио — теннисшінің алғашқы Олимпиадасы. Жалпы, шыныққан, жүзде алатын дайын спортшы деуге болады. Токио Олимпиадасы оның өзіне деген сенімін арттыра түсті. Алда оны АҚШ-та өтетін теннис турнирі күтіп тұр. Еленаны қолдаймыз және оған үлкен сенім артамыз», — дейді ол.

А.ЖОЛДАС

Қылқалам ұшындағы құдірет



Ұлттық музейде Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің көшпелі көрмесі ашылды.

«Қылқалам ұшындағы құдірет» атты көрмеге аталған музей қорындағы отандық көрнекті қылқалам шеберлерінің 70-ке жуық заманауи өнер туындысы қойылған.

«Көрмедегі туындылардың дені Отанға, туған жерге және ұлттық дәстүрді дәріптеуге арналған. Және мұнда біздің өңірде ғана емес, елімізге кеңінен танымал қылқалам шебер-

лерінің туындысы қойылған. Әр туындының өзіндік тарихы бар. Дегенмен бірнеше жұмысты ерекше атап өткім келеді. Ол Махамбет Өтемісұлына арналған, ауыл тіршілігінен хабар беретін және құрақ көрпе бейнеленген туындының орны ерекше», — деді Атырау облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінің директоры Төлеген Орынбасарұлы.

Ұлттық музейде ашылған көшпелі көрмені елорда тұрғындары 30 тамызға дейін тамашалай алады.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

Данияр жеңіліп қалды



Еркін күрестен Токио Олимпиадасында қола медаль үшін күрескен 74 келі салмақтағы Данияр Қайсанов жеңіліп қалды.

Қайсанов қола жүлде үшін күресте өзбек балуаны Бекзод Абдурахмановпен кездескен еді. Өкінішке қарай, кездесу басталған бетте Абдурахманов алға ұмтылып, белдесуді уақытынан бұрын бітірді. Есеп — 13:2, жеңіс

— өзбек балуанының еншісінде. Осылайша, Данияр Қайсанов Олимпиада ойындарын бесінші орынмен аяқтады.

Тағы бір балуанымыз Дәулет Ниязбеков (65 келі) жұбаншы белдесуіне қатысады. Дәулет бұл мүмкіндікке өзгерісін спортшысы Гаджи Әлиев финалға шыққаннан кейін қол жеткізіп отыр. Ол аталған қарсыласына жартылай финалда 1:9 есебімен жол берген.

Дәулет алғашқы жекпе-жегінде кубалық Александро Вальдесті 21:11 есебімен жеңген еді. Г.Әлиев жартылай финалда үнді балуаны Балжранг Пуньяны 12:5 есебімен ұтты. Сөйтіп, Ниязбеков жұбаншы белдесуіне қатысу мүмкіндігін алды. Дәулеттің ендігі қарсыласы — сенегалдық Адама Диатта.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Қазақстан Токио-2020 үшін қанша қаржы жұмсады?

Қазақстан спортшыларын Токио-2020 жазғы Олимпиада ойындарына дайындауға және алып баруға қанша қаражат бөлінді? Бұл сұраққа Ұлттық олимпиада комитеті спорт дирекциясының директоры Елсияр Қанағатов жауап берді.

— Қаржыға қатысты барлық ақпарат сайтта көрсетілген. Ол жерде жалған ақпаратта айтылып жүрген үлкен сома жоқ. Біз Токио Олимпиадасымен қатар Азия ойындарына да дайындалдық. Өткен жылы пандемияға байланысты 10,9 млрд теңге бөлінді. Биыл екі бірдей әлемдік додаға қатысатын болғандықтан 15,6 млрд теңге қарастырылды. Оның ішінде спортшылардың жалақысы, қажетті құрал-жабдықтар алу, медициналық көмек, жиындарды өткізу, лицензия ұтып алу сайыстарына қатысу секілді бірнеше бағыт бар, — деді Елсияр Қанағатов.

Оның айтуына қарағанда, Токиоға құрамында көп адам бар үлкен делегация аттанды дейтін қауесет те шындыққа жанаспайды.

— Токиоға Қазақстаннан үлкен көлемде делегация кетіпті деген де сыбыс тарап жатыр. Керісінше, пандемияға байланысты ұйымдастырушылар келушілердің санын шектеді. Иә, біздің комитеттің қызметкерлері бар, олар Олимпиада кезінде күні-түні енбек етіп жатыр. Сондықтан көп адам келді дегенмен келіспеймін. Бөлінген қаражатты спортшыларға жеткізуге тырысамыз, — деді Елсияр Қанағатов ОКҚ-де онлайн өткен баспасөз мәслихатында.

Сондай-ақ комитет өкілі Токио Олимпиадасы сапарына бөлінген



Біз Токио Олимпиадасымен қатар Азия ойындарына да дайындалдық. Өткен жылы пандемияға байланысты 10,9 млрд теңге бөлінді. Биыл екі бірдей әлемдік додаға қатысатын болғандықтан 15,6 млрд теңге қарастырылды.

қаржыдан 300 млн теңге үнемделгенін алға тартты.

Сонымен қатар Елсияр Қанағатов Олимпиадада Қазақстан теннисшілерінің жүлдесіз қалуына не әсер еткенін айтты. Ол Токио Олимпиадасында ел намысын қорғаған қазақстандық теннисшілердің өнеріне баға берді. Әңгіме арасында Елена Рыба-

кинаға ынталандыру сыйақысы берілетіні де белгілі болды.

— Токио Олимпиадасында қазақстандық теннис спорты жана денгейге көтерілді. Теннис федерациясының жұмысын нәтижелі болды деуге болады. Өздеріңіз білетіндей, әр облыста теннис секциясының саны жыл санап артып келеді. Біздің тен-

нисшілер жақсы нәтиже көрсетті, — деді Ұлттық олимпиада комитеті спорт дирекциясының директоры.

Сонымен қатар елімізде теннис спортына қызығатын жасөспірімдер үшін жан-жақты қолдау бар екенін де тілге тиек етті.

— Біз Олимпиадаға 8 жоллама алып, 7 теннисші қатысты. Бұрын мұндай көрсеткіш болған емес. Болашақта бұл спорт түріне баса назар аудару керек, — деді Е.Қанағатов.

Айта кетейік, Токио Олимпиадасында ел намысын қорғаған Александр Бублик, Михаил Кукушкин, Елена Рыбакина, Юлия Путинцева және Ярослава Шведова жекелей сында додаға түссе, А.Бублик пен А.Голубев, Е.Рыбакина мен Я.Шведова жұптас сында өнер көрсеткен еді.

Әбілмансұр ЖАСАН

Ақмолалық спортшы көмек сұрады



Спорт шебері Мирас Масабаяв Ақмола облысы Талапкер ауылында бокс залын ашып, балаларды жаттықтырмақ. Бірақ бокс залын салуға арналған жер болғанымен, оны салуға қаражат жоқ.

Сол үшін белгілі блогер Дәулет Мұқаев халықтан көмектесуін сұрады. Блогердің айтуынша, бокс залының құрылысына 20 млн теңгеді қажет болуы мүмкін.

Мирас Масабаявтың өтінішінен кейін блогер Дәулет Төлеутайұлы оқырмандарын бокс залын салуға қаражат жинап беруге шақырады. Спорт шеберінің осыған дейінгі ісімен танысқан ол көмектесуге бел байлайды. Өйткені Масабаяв мешенат, кәсіпкерлерге

көмектесуін өтініп барғанымен, олар қаражаттың өздеріне қалай қайтарын сұраған. Әйтпесе, Талапкер ауылының тұрғынында спорт залын салатын жер бар.

Содан бері Д.Төлеутайұлының оқырмандары 1 млн теңгеден аса қаражат жинаған. Блогер өз қалтасынан тағы 1 миллион теңге аударған. Оның айтуынша, әзірге жиналған 2 миллионнан аса қаражат бокс залын салуға жетпейді. Құрылыс жұмысы, ішкі жұмысы мен жиһазына 20 миллион теңгеді қажет. Бірақ спорт шебері мен блогер мұнымен тоқтамай, құрылысты бастамақ ниетте.

А.ЖАНАСЫЛ



«Астананың» ойынын 120 ел тамашалайды

Конференция лигасындағы елордалық «Астана» клубының КупС командасымен кездесуін әлемнің 120 елі тамашалай алады. Бұл жөнінде «Астана» футбол клубының бас директоры Давид Лория мәлімдеді.

«Сіздерге сүйінші хабарды жеткізім келеді. Бізге Конференция лигасы үшінші іріктеу сатысындағы «Астана» мен КупС клубының қарымта кездесуін тарату жөнінде маңызды келісім жасаудың сәті түсті. Сол арқылы әлемнің 120 елінің жанкүйерлері аталған ойынды тамашалауға мүмкіндік алады. Кездесу «Еларна» және Kazakh TV телеарналары арқылы тікелей эфирде таратылады» деп жазды ол Instagram парақшасында.

Сонын ішінде Kazakh TV телеарнасы Еуропаның шығыс және батыс бөліктерінде, Оңтүстік және Орталық Америкада, Аустралия мен мұхит аймағында, Солтүстік Африкада, Таяу Шығыста, Азия мен Оңтүстік Кавказда хабар таратады.

«Бұл отандық футболды насихаттау барысында жасалған он қадам деп санаймын. Біз Финляндияда өткен алғашқы кездесуде қолайлы нәтижеге қол жеткіздік. Бейсенбі күні барлығымыз біздің клубтың жеңісіне қуанатын боламыз» деп жазды Давид Лория.

Айта кетерлігі, елордалық клуб үшінші іріктеу сатысындағы алғашқы кездесуде Финляндияның КупС клубымен 1:1 есебімен тең ойнады. Конференция кубогында «Астана» екінші іріктеу сатысында Грекияның «Арис» (2:0, 1:2) жеңген еді.

Айбике ЖАНАСЫЛ



Меншік иесі —
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —
шығарушы редактор

Асқар БЕК —
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нұрсұлтан ҚАЗЫБЕКОВ —
Қызылорда облысы
Назгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН —
Солтүстік Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (777) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukpaeva@litter.kz
reklama@litter.kz

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3973
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114